

Жүк кеден декларациясын толтыру тәртібі туралы Нұсқаулық

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетінің жанындағы Кеден комитеті 1995 жылғы 26 қыркүйек N 127-П Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 1997 жылғы 21 сәуірде N 291. Күші жойылды - ҚР Кедендік бақылау агенттігі төрағасының 2003 жылғы 11 маусымдағы N 288 бұйрығымен.

1 . Ж а л п ы е р е ж е л е р

1.1 . О с ы Н ұ с қ а у л ы қ :

- э к с п о р т ;
- е р к і н а й н а л ы с қ а ш ы ғ а р у ;
- к е д е н қ о й м а с ы ;
- т а у а р л а р д ы ң к е р і и м п о р т ы ;
- м е м л е к е т п а й д а с ы н а б а с т а р т у ;
- у а қ ы т ш а ә к е л у (ә к е т у) ;
- Б а ж с ы з с а у д а ж а с а й т ы н д ү к е н ;
- к е р і э к с п о р т ;
- к е д е н а у м а ғ ы н а н т ы с қ а р ы ж е р д е ұ қ с а т у ;
- к е д е н б а қ ы л а у ы м е н ұ қ с а т у ;
- к е д е н а у м а ғ ы н д а ұ қ с а т у ;
- т р а н з и т ;

кеден режимдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы өткізілетін тауарларға жүк кеден декларациясын (онан ары (ЖКД) толтыру тәртібін, сондай-ақ тауарларды иесі Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылатын кеден қоймасына орналастырған кезде салынып жатқан жиынтық объектіге жалпы жүк кеден декларациясын толтыру ережелерін а н ы қ т а й д ы .

1.2. ЖКД комплекті КД1 нысанындағы (негізгі парақ) төрт кітапшаланған парақтан және осы Нұсқаулыққа көзделген ретте, КД2 (қосылған парақтан) т ұ р а д ы .

1.3. ЖКД негізгі парағы (КД1 нысаны), егер осындай тауарлар жөнінде бірдей кеден режимі белгіленген ретте атауы бір тауарлар туралы мәліметтерді (9-белгінің деңгейіндегі СЭҚ-тің ТН бойынша бірдей сыныптау) көрсетуге п а й д а л а н ы л а д ы .

1.4. Атауы бірнеше тауарларды жарияланған жағдайда ЖКД-ның ажырағысыз бөлігі болып табылатын қосымша парақтар (КД2 нысаны) пайдаланылады,

олардың әрқайсысы тауардың тағы да үш атауын жариялауға мүмкіндік береді.

1.5. Бір ЖКД-де тауарлардың 100 атауы туралы мәліметтер мәлімделуі мүмкін (негізгі параққа бір мезгілде 33-тен көп емес қосымша парақ тіркелуі мүмкін).

Қосымша парақты толтыру ережесі ЖКД негізгі парағының тиісті бағанын толтыру ережесімен ұқсас (декларант қосымша парақта толтырмайтын А бағанын қоспағанда).

1.6. ЖКД-де тазарту және өшіру болмауы тиіс.

Түзету қате мәліметтерді сызып тастау, тиісті мағлұматтарды қолдан үстіне басу немесе үстіне жазу арқылы жүргізілуі тиіс. Осындай әрбір түзету уәкілдік берілген тұлғаның қойылған қолымен және декларанттың мөрімен куәландырылады.

1.7. ЖКД компьютердің басу құралғысымен немесе басу машинкасымен қазақ және орыс тілдерінде толтырылады. Егер құндық көрсеткіштердің (фактуралық және кедендік құндар) және 9 белгіден артық болатын санмен көрсетілсе, онда оларды кейбір жағдайларда қолмен толтыруға жол беріледі. Кеден органдары түсініксіз толтырылған ЖКД бланкісін кеден декларациясы ретінде қарастырмайды.

1.8. Егер ЖКД-ның қандай да бір бағанының мәтіндік деректері бұрын толтырылған бағанның мәтіндік деректерін қайталайтын болса, онда бұл бағанда "N бағанды қ." деген түрде бұрын толтырылған бағанға сілтеме берілуі мүмкін.

Кодқа қатысты осындай сілтемелер қолданылмайды.

1.9. Өздеріне қатысты кедендік баждар және салықтар алынбайтын, сондай-ақ соларға экономикалық саясат шаралары (лицензиялау, квоталау және т.б.) қолданылмайтын кейбір тауарлар түріне қосымша парақтар орнына спецификациялар, орамдық парақтар түрінде тауарлар тізімдемесі немесе тауарлардың жекелеген түрлері үшін тізімдер қолдануға жол беріледі.

Осындай тізімдемеде тауарлардың атауы, СЭҚ-тің ТН-на сәйкес олардың кодтары, мөлшері, брутто салмағы және кедендік құны көрсетіледі.

1.10. ЖКД-ның қандай да бір бағасында мәлімделетін мәліметтерді (кәсіпорынның атауы, вагон номері, контейнердің нөмірі және т.б.). Көрсетуге қажетті орын жоқ болған реттерде оларды сырт жағында көрсетуге жол беріледі. Мұндай жазба декларанттың қолымен және мөрімен куәландырылады, ал тиісті бағанда "сыртына қ" деген белгі жасалады.

ЖКД-ның негізгі парағының сырт жағын өзге бақылаушы органдардың штамптары мен қолдарын қою үшін де пайдалануға жол беріледі.

1.11. ЖКД бланкілерін осы Нұсқаулықта көзделмеген ақпараттарды енгізу үшін декларанттың пайдаланылуына жол берілмейді.

1.12. Кеден органы ЖКД-ның негізгі парағының 7-бағанына және әрбір қосымша парақтың А бағанының төменгі бөлігіне тіркеу нөмірін және осы

Нұсқаулықтың 2.4. тармағында келтірілген схема бойынша датасын қоя отырып, декларацияны және қосымша парақты тіркейді.

1.13. Жүк кеден декларациясының парақтары бойынша бөлінеді:

- бірінші парақ - кеден органында қалады және арнайы мұражайда сақталады;
- екінші парақ (статистикалық) - статистика органдарына беріледі;
- үшінші парақ - декларантқа қайтарылады;
- төртінші парақ :

а) тауарлар әкетілген кезде тауарды алып жүру құжаттарына тіркеледі және тауарлармен бірге өзінің қызмет аймағында шекарадағы өткізу пункті орналасқан кеден органына жіберіледі;

б) тауарларды әкелу кезінде - кедендік ресімдеуді жүзеге асыратын кеден органының кедендік құны бөлімінде қалады.

1.14. Осы Нұсқаулықтың мақсаттары үшін пайдаланылған ұғымдар мынаны білдіреді :

- "көлік құжаты" - осыған сәйкес тауарларды халықаралық тасымалдауды жүзеге асыратын құжат, оның ішінде тауарлардың біріктірілген, бас және құрастырмалы тауарлар топтамасы үшін Қазақстан Республикасының кеден шекарасына дейін (тауарларды әкету кезінде) және Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан тауарлар арналған жерге дейін (тауарларды әкелу кезінде) тасымалдау жөніндегі құжаттар;

- "жөнелтуші" - Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкету мақсатында тауарларды тиеу және оларды тасымалдаушыға беру жөніндегі іс-әрекеттерді іске асыратын, көлік құжатында көрсетілген тұлға;

- "алушы" - Қазақстан Республикасы аумағына әкелінетін тауарлар арналған, көлік құжатында көрсетілген тұлға;

- "қаржылық реттеуге жауапты тұлға" - сатып алу-сату немесе айырбастау сыртқы сауда мәмілесін жасасқан немесе осы бойынша есеп айырысуды жүзеге асырушы қазақстандық тұлға;

- "фактуралық құн" - іс жүзінде төленген немесе төлеуге жататын болмаса сатып алу-сату немесе айырбастаудың сыртқы сауда мәмілесіне (шартына) сәйкес тауарлардың карама-қарсы жеткізілімімен өтелген тауарлар бағасы;

- "кеден құны" - Қазақстан Республикасының Кеден заңдарына сәйкес анықталатын тауарлар құны;

- "сатушы ел" - өзінің қай ұлтқа жататынына қарамастан аумағында өзімен қазақстандық тұлға шарт жасасқан тұлға тіркелген (тұратын) мемлекет.

1.15. Бір тауар топтамасы ретінде:

а) өздері труба құбыры көлігі немесе электр берілісі желісі арқылы өткізілуі кезінде жасасқан сыртқы сауда шарттарының әрқайсысы бір ай ішінде жеткізілетін тауарлар немесе электр қуаты;

б) көлік құралдарының санына және тасымалдау құжатына қарамастан бір жөнелтушінің бір сыртқы сауда шарты бойынша бір алушының мекен жайына жөнелтілген, көліктің бір түрімен сол бір өткізу пункті арқылы әкелінетін бір мезгілде кедендік ресімдеуге табыс етілген тауарлар;

в) көлік құралдарының санына және тасымалдау құжаттарына қарамастан бір жөнелтушінің бір сыртқы сауда шарты бойынша бір алушының мекен-жайына жіберілген қызмет аймағында өткізу пункті орналасқан бір кеден арқылы әкелінетін, бір мезгілде кедендік ресімдеуге табыс етілетін тауарлар жария е т і л е д і .

ЖКД-ның тиісті бағанында б) және в) тармақтарында көрсетілген тауарларды жариялаған кезде көлік құралдарының саны, олардың қысқаша атауы қойылады және "сыртына қ" деген сілтеме жасалады. ЖКД-ның 1 және 4-бағандарының сыртқы жағына көлік құралдарының нөмірі және тасымалдау құжаттарының нөмірі (нөмірлері) қойылады. Мысалы: в) тармағында келтірілген шарттар сақталған жағдайда бір алушының мекен-жайына үш атаулы тауарлармен үш автомашина жіберілді. ЖКД-ның негізгі және қосымша парақтары толтырылады.

18-бағанда: 3 а/м "сыртына қ".

ЖКД сыртқы жағында:

1 - A777 AE1224555

2 - A778 AE3432333

3 - A779 AE0746543

көрсетіледі.

1.16. Шетелдік тұлға туралы мәліметтер табыс етілген реттерде ЖКД-де филиалдық мекен-жайы, заңды тұлғаның өкілдіктері болмаса жеке тұлғаның Қазақстан Республикасы аумағындағы тұрғылықты тұрған жерінің мекен-жайы көрсетіледі.

2. Экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетілетін тауарларға жүк кеден декларациясын толтыру ережесі

2.1. Декларант ЖКД-ның мына бағандарын толтырады:

ц и ф р л ы қ

- 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 17, 17a, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 54;

Ә р і п т і к - А , В .

2.2. Кеден органының лауазымды адамдары 7Д және С бағандарын т о л т ы р а д ы .

2.3. Декларанттың бағандарды толтыру тәртібі:

1 - баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде - "ЭК" көрсетіледі.

Бағанның екінші бөлімшесінде 1-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу процедурасының сыныптаушысына сәйкес кеден режимінің екі мәнді коды көрсетіледі.

2 - баған . " Ж ө н е л т у ш і "

Бағанда тауарларды жөнелтуші туралы мәліметтер:
- кәсіпорынның, ұйымның, мекеменің (онан әрі кәсіпорын) атауы және мекен-жайы болмаса жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, мекен-жайы және жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 2-қосымшада келтірілген теңестіру нөмірін қалыптастыру Сыныптаушысына сәйкес теңестіру нөмірі көрсетіледі.

3 - баған . " Қ о с ы м ш а п а р а қ т а р "

Егер қосымша парақтар пайдаланылса, онда баған толтырылады.

Бағанның бірінші бөлімшесінде парақтың рет нөмірі, екіншісінде қосымшаны қоса, ЖКД-ның табыс етілген парақтарының жалпы саны көрсетіледі. Мысалы: егер екі қосымшасымен бір ЖКД болса, ЖКД-ның негізгі парағында - 173; бірінші қосымша парақта - 2/3; екіншісінде - 2/3 көрсеткен жөн.

4-баған. "Тиеу спецификациялары"

Тауарлардың тізімін пайдаланған жағдайда толтырылады.
Тіркелген парақтардың жалпы саны көрсетіледі.

5-баған. "Барлық тауарлардың атауы"

Бағанда ЖКД-ның негізгі және қосымша парақтардың 31-бағанына көрсетілген жарияланатын топтамадағы тауарлар атауының жалпы саны қойылады.

6 - баған . " О р ы н с а н ы "

Бағанда жария етілген тауарлар топтамасындағы орындардың жалпы саны к ө р с е т і л е д і .

Салып тасылатын, құйылатын жүктерді труба құбыры көлігімен, электр берілісі желісімен, сондай-ақ ақтара тасумен өткізілетін тауарларды кеден шекарасы арқылы өткізген кезде бағанда "О" көрсетіледі.

Контейнерлермен, жәшіктермен немесе тұғырға қойып тасылатын тауарлар үшін тиісінше контейнерлердің, жәшіктердің, тұғырлардың саны көрсетіледі.

8-баған. "Алушы"

Бағанда тауарларды алушы туралы мәліметтер: шетелдік кәсіпорынның атауы және мекен-жайы болмаса жеке тұлғаның тегі, аты-жөні көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда қаржылық реттеуге жауапты кәсіпорынның атауы және мекен-жайы

немесе тұлғаның тегі, аты-жөні, мекен-жайы және жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер қаржылық реттеуге жауапты тұлға тауарларды жөнелтушімен үйлескен жағдайларда 2-бағанға сілтеме жасалады (2-бағанды қ).

Бағанның жоғарғы бөлігінде "N" белгісінен кейін 2-қосымшада келтірілген теңестіру нөмірін қалыптастыру сыныптауышына сәйкес кәсіпорынның немесе жеке тұлғаның теңестірілу нөмірі көрсетіледі.

Баған сатып алу-сату немесе айырбастау шартынан өзгеше шарт бойынша тауарлар өткізілген ретте толтырылмайды.

11-баған. "Сауда жасаушы ел"

Бағанда 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес сауда жасаушы елдің цифрлы коды көрсетіледі.

12-баған. "Жалпы кедендік құн"

Бағанда негізгі және қосымша парақтардың 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны сомасы ретінде алынған жария етілген тауарлардың жалпы кеден құны жазылады.

14-баған. "Декларант"

Бағанда кеден делдалының аты және мекен-жайы көрсетіледі.

Бағанның төменгі бөлігінде N белгісінен кейін кеден делдалы ретінде қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияның нөмірі және берілген күні көрсетіледі.

Егер жөнелтуші немесе қаржылық реттеуге жауапты тұлға декларант болып, табылатын ретте тиісті бағанға сілтеме жасалады (2-бағанда қ. немесе 9-бағанда қ.), бағанның төменгі бөлігінде 2-қосымшада келтірілген теңестірілу нөмірін қалыптастыру сыныптауышына сәйкес теңестірілу нөмірі жазылады.

A - бағаны.

Бағанда реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жазып, олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып декларанттың шоты туралы мәліметтер көрсетіледі.

1-теңгемен есеп айырысу шотының нөмірі, декларанттың есеп айырысу шоты ашылған банкінің аты және мекен-жайы;

2-ағымдағы валюта шотының нөмірі, декларанттың валюта шоты ашылған банкінің аты және мекен-жайы.

17-баған. "Арналған ел"

Бағанда 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес арналған елдің қысқаша атауы көрсетіледі.

Егер шартты орындау сәтінде арналған ел белгісіз болса, онда сауда жасаушы елдің қысқаша аты көрсетіледі.

17а-бағаны. "Арналған елдің коды"

Бағанда 3-қосымшаға сәйкес Дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес арналған елдің цифрлы коды көрсетіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы"

Бағанның сол бөлімшесінде көлік құралдарының саны жазылады, ашық жерден кейін Қазақстан Республикасының кеден шекарасының өткізу пунктіне тауарларды тасымалдау үшін олардың тиелуі жүзеге асырылатын көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңіз немесе өзен кемесінің аты, әуе кемесінің рейс нөмірі мен борт нөмірі, теміржол вагонының нөмірі, жол көлік құралдарының тіркеу нөмірі және осы тәріздес мәліметтер).

Барлық мәліметтерді көрсету мүмкін болмаған жағдайда "сыртқы жағына қ." деген сілтеме жасалады, ЖКД-ның 1 және 4-парақтарының сыртқы жағына көлік құралдарының нөмірі көрсетіледі.

М ы с а л ы : 0 1 а / м А 5 5 5 А Е ,

немесе 23 т/ж вагоны, сырт жағына қ.

Бағанның оң жақ бөлімшесіне 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес көлік құралдары тиесілі елдердің цифрлық коды көрсетіледі.

19 - баған. "К о н т е й н е р"

Бағанда мыналар көрсетіледі:

- "1" - егер тауарлар контейнермен өткізілсе;
- "0" - егер тауарлар контейнермен өткізілмесе.

20-баған. "Жеткізілім шарттары"

Бағанның бірінші бөлімшесінде 4-қосымшада келтірілген жеткізілім шарттарының сыныптауышына сәйкес жеткізілім шарттарының екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі.

Екінші бөлімшенің сол жақ бөлігінде географиялық пунктті атай отырып жеткізілім шарттарының қысқаша әріптік атауы көрсетіледі.

Екінші бөлімшенің оң жақ бөлігінде 5-қосымшада келтірілген Экспорттық түсімдер мен қарсы жеткізілімдердің түсу мерзімдерінің сыныптауышына сәйкес экспорттық-түсімдердің түсу мерзімінің немесе тауар айырбастау операциялары кезінде тауарларды қарсы жеткізілімі мерзімінің екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі.

Бағанның үшінші бөлімшесінде сатып алу-сату шарттарының жағдайларына сәйкес экспортталатын тауар үшін қолданылған есеп айырысу нысанының екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі:

" 1 0 " - а к к р е д и т и в ;

"70" - аккредитив/инкассо/аударылым"

Бағанға ЖКД-ды кедендік ресімдеуге қабылдаған күнгі Қазақстан

Республикасы Ұлттық банкі бағалаған валюта бағамы жазылады:

- 22-бағанның сол жақ бөлімшесінде көрсетілген валюта бағамы;
- бөлшек арқылы АҚШ долларының бағамы.

24-баған. "Мәміле сипаты"

Бағанда 7-қосымшада келтірілген Мәміле сипаты сыныптауышына сәйкес мәміле сипатының коды көрсетіледі.

25-баған. "Шекарадағы көлік түрі"

26-баған. "Ел ішіндегі көлік түрі"

Бағандарда 8-қосымшада келтірілген Көлік түрлері сыныптауышына сәйкес көлік құралдары түрлерінің коды көрсетіледі.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтерді"

Бағанда сатып алу-сату мәселелеріне сәйкес әкетілетін тауарлар бойынша есеп айырысу жүргізілетін банктердің растауы негізінде реквизиттердің әрқайсысы жаңа жолдан көрсетіледі, олардың алдына рет нөмірі жазылады.

А. Тауарлар есеп айырысу шетелдік валютамен көзделген шартқа сәйкес әкетілетін жағдайда:

- 1 - мәміле төлқұжатының нөмірі;
- 2 - банкінің қысқаша атауы;
- 3 - банкінің мекен-жайы (почта индексі және қала);
- 4 - экспортшының транзиттік валюта шоты.

Б. Тауарлар есеп айырысу Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен көзделген шартқа сәйкес әкетілетін жағдайда:

- 1 - банкінің ОКПО коды;
- 2 - банкінің қысқаша атауы;
- 3 - банкінің мекен-жайы (почта индексі және қала);
- 4 - экспортшының есеп айырысу теңге шотының нөмірі.

В. Баған мәміленің баспа-бас және өзге түрлері жағдайында толтырылмайды.

29-баған. "Шекарадағы кеден"

Бағанда Қазақстан Республикасының кеден шекарасындағы өткізу пункті орналасқан кеден органы, оң жақ жоғары бұрышында 9-қосымшада келтірілген кедендік ресімдеуді жүргізетін Қазақстан Республикасы кеден органдары және оның құрылымдық бөлімшелерінің Сыныптауышына сәйкес оның коды көрсетіледі.

30-баған. "Тауарларды тексеру орны"

Бағанда тауарларды кедендік ресімдеу кезінде олар орналастырылатын уақытша сақтау қоймаларын ұйымдастыруға берілген лицензия нөмірі көрсетіледі.

Егер тауарларды кедендік ресімдеу өзге жерде өткізілген ретте бағанда

уақытша сақтау қоймасын ұйымдастыруға арналған лицензия немесе осы тауарлар есепке алынатын кеден қоймасының нөмірі көрсетіледі.

31-баған. "Жүк орындары және тауарларды сипаттау"
"Таңбалау және саны-нөмірі контейнерлердің -
тауарларды сипаттау"

Тауарлардың аты және олардың сипаттамасы, оның ішінде моделінің нөмірі, үлгісі, мөлшері, мемлекеттік қалыптары, параметрлері және тағы сол сияқтылар көрсетіледі, бұлар жария етілетін тауарларды сыртқы-экономикалық қызметтің тауар номенклатурасы бойынша (СЭҚ ТН) тауарларды сыныптау ережелеріне сәйкес Сыртқы экономикалық қызметтің Тауар номенклатурасын (СЭҚ ТН) белгілі бір тоғыз мәнді кішігірім шағын бағыттарға мағыналас сыныптауға мүмкіндік береді.

Жария етілетін тауарларды СЭҚ ТН-де келтірілген тауар бағыттарының жалпы атауымен көрсетуге жол берілмейді.

Мысалы, 330300100 тауарының коды.

31-бағанда көрсетіледі:

"Кристина" иісуы (Дзинтарс фабрикасы), одан әрі жүк орындарының түрі және саны және оларды таңбалау туралы мәліметтер көрсетіледі.

Контейнерлермен тасымалданатын тауарлар үшін бағанның жоғарғы оң жақ бөлігінде контейнерлердің саны және ашық жерден кейін нөмірі көрсетіледі.

Егер осы бағанда жария етілген тауарлар барлық жүк орнын немесе барлық контейнерді алмаған болса, бағанда "жәшік бөлігі", "контейнер бөлігі" және т.б. деп көрсетіледі.

Мысалы: 1 MMSU7534674;

2 MMSU7123456, MMSU7543561 (контейнердің бөлігі).

Бағанның төменгі оң жақ бұрышында арнайы бөлінген жерде тарифтік және тарифтік емес реттеу, статистикалық деректерді жинау және өңдеу мақсатында қосымша өлшеммен тауарлардың мөлшері және СЭҚ ТН-ге сәйкес бірлігінің қысқаша аты көрсетіледі (қосымша өлшем бірлігінің коды 41-бағанға жазылады).

Мысалы: Тауардың атауы - "Қой терісі";
Тауардың коды - 410210900;
Қосымша бірлік өлшемі - "дана";
Саны - "100"

Бағанның оң жақ бөлімшесінде "100 дана" көрсетіледі.

Тек негізгі өлшем бірлігі ғана қолданылған жағдайда - бағанның төменгі оң

ж а қ б ұ р ы ш ы т о л т ы р ы л м а й д ы .

Қосымша парақтардағы пайдаланылған "Тауарларды сипаттау" бағаны сызылып тасталады.

32-баған. "N тауары"

Бағанда 31-бағанда жария етілетін тауарлардың рет нөмірі көрсетіледі. Мысалы, атауы бірнеше тауарлар жария етіледі:

ЖКД-ның негізгі парағында "1", бірінші қосымша парақта - "2", "3", "4", екінші қосымша парақта - "5", "6", "7" және т.б. жазылады.

Бір ЖКД-де жария етілетін тауарлардың саны 100-ден аспауы тиіс. Осы мөлшерден асып кеткен жағдайда жаңа ЖКД-ресімделеді.

3 3 - б а ғ а н . " Т а у а р к о д ы "

Бірінші бөлімшеде СЭҚ ТН бойынша тауарлардың тоғыз мәнді коды көрсетіледі. Код құрылымдық жағынан ашық жер қалдырмай және өзге бөлектеуші белгілерсіз ж а з ы л а д ы .

Егер СЭҚ ТН бойынша жария етілетін тауарлардың коды экспорттық бақылауға немесе лицензиялауға жататын тауарлардың кодымен үйлескен (тауарлардың тізімі 10-қосымшада келтірілген), бірақ өзінің суреттеп жазылуы және сипаттамасы жағынан осындай бақылау қолданылатын тауарларға сәйкес келмеген ретте ең шеткі оң жақ бөлімшедегі "С" рәмізі қойылады. Бұл ретте 31-бағанда келтірілген тауарларды сипаттау осындай сәйкессіздікті бұлтартпайтындай етіп растауы тиіс.

3 5 - б а ғ а н . " Б р у т т о с а л м а ғ ы (к г) "

Бағанда тауарлар орамын қоса жалпы салмағы килограммен көрсетіледі.

Жалпы салмағы бір килограмнан артық тауарлар жөнінде дөңгелектеу ережелері бойынша салмақ бүтін мөлшерлерге дейін дөңгелектенеді.

3 6 - б а ғ а н . 3 " А р т ы қ ш ы л ы қ "

Бағанда 11-қосымшада келтірілген Кеден төлемдерін төлеу жөніндегі артықшылықтар, жеңілдіктер және өзге ерекшеліктер сыныптауышына сәйкес кеден төлемдерін төлеу жөніндегі берілген жеңілдіктердің немесе ерекшеліктердің әріптік коды көрсетіледі, ол мынадай схема бойынша қ а л ы п т а с а д ы :

С П , м ұ н д а

С - кедендік ресімдеу үшін кеден алымын төлеу жөніндегі берілген жеңілдіктердің немесе өзге ерекшеліктердің коды;

П - экспорттық кеден бажын төлеу жөніндегі берілген жеңілдіктердің немесе

артықшылықтардың

коды.

Егер жария етілген тауарларға қатысты жеңілдіктер, артықшылықтар берілмеген, 11-қосымшада келтірілген сыныптауышта көзделген кеден төлемдерін төлеу жөніндегі өзге ерекшеліктер болмаған ретте тиісті жерге "О" әрпі қойылады.

Мысалы:

а) тауарлар экспорттық кеден бажын салудан босатылады, кедендік ресімдеу үшін кеден алымы белгіленген тәртіппен төленеді, тиісінше бағанда - "ОА" қойылады;

б) әкетілетін тауарларға кедендік ресімдеу үшін кеден алымын есептеуге тіркелген ставка белгіленген, экспорттық кеден бажы белгіленген тәртіппен төленеді, бағанда тиісінше - "ГО" қойылады;

в) әкетілетін тауарларға экспорттық кеден бажының ставкасы белгіленбеген немесе экспорттық кеден бажын төлеу жөнінде жеңілдіктер берілмеген, кедендік ресімдеу үшін кеден алымы белгіленген тәртіппен төленеді, бағанда "ОО" қойылады.

37 - баған. "Процедура"

Бағанда мәлімделген кеден режиміне сәйкес тауарларды өткізу процедурасының алты мәнді құрамды коды көрсетіледі.

Бастапқы екі цифр 1-қосымшаның 1-бөлімінде келтірілген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізу процедурасының сыныптауышына сәйкес кеден режимінің кодын көрсетеді.

Екінші екі цифр егер бұрын болған жағдайда бұрынғы кеден режимінің кодын көрсетеді. Егер бұрынғы өткен кеден режимі белгісіз немесе жоқ болса, онда "О О" қойылады.

Жеті мәнді соңғы екі цифры Сыныптауыштың II-бөліміне сай мәлімделген кеден режиміне сәйкес тауарлардың өткізілу ерекшелігін көрсетеді. Егер сыныптауыштың II-бөлімінде көзделген ерекшеліктер болмаса, онда "ОО" қойылады.

38 - баған. "Нетто салмағы (кг)"

Бағанда ораусыз тауарлардың таза салмағы килограммен көрсетіледі. Салмағы бөлшек өлшемдер болатын тауарлар жөнінде салмақ дөңгелектеу ережелерімен бүтін шамаларға дейін дөңгелектенеді.

39 - баған. "Квота"

Квоталанатын тауарлар үшін толтырылады.

Бағанда алынған лицензияға сай бөлінген квотаның қалдығы өлшем бірлігімен көрсетіледі. Жарияланған тауарлар топтамасы квотаның қалдығын анықтаған кезде есепке алынбайды.

мысалы: лицензия бойынша бөлінген квота - 10000 текше м.

Тауарлардың жарияланған алғашқы топтамасы 4000 текше м. ЖКД-де: 31-бағанның төменгі оң жақ бұрышында арнайы бөлінген ашық жерге - 4000 текше м., 39-бағанда - 10000 көрсетіледі.

Тауарлардың келесі топтамасын жарияланған кезде осы лицензияның бөлінген квотасы есебінен 39-бағанда квотаның қалдығы 6000 көрсетіледі.

40-баған. "Жалпы декларация/алдыңғы құжат"

Егер мәлімделген кеден режимінің алдында өзге кеден режимі болған (тауар айырбасы операциялары кезінде - тауарлардың қарсы жеткізілімі), болмаса уақытша немесе дүркін-дүркін декларация табыс етілген жағдайда толтырылады. Бағанда бұрынғы декларацияның нөмірі көрсетіледі.

41-баған. "Қосымша өлшем бірліктері"

Бағанда СЭҚ ТН-де келтірілген "Өлшем бірлігі кестесіне" сәйкес тауарлардың қосымша өлшем бірлігі коды көрсетіледі.

Мысалы: 31-бағандағы тауарлардың атауы - "Қой терісі",
33-бағанда мәлімделген код - 410210900, қосымша
өлшем бірлігі - "дана". Бағанда қосымша өлшем
бірлігінің коды - "796" көрсетіледі.

Егер тек қана негізгі өлшем бірлігі (кг) қолданылса, баған толтырылмайды.

42-баған. "Тауардың фактуралық құны"

Бағанда шарт (контракт) валютасында жария етілетін тауарлар топтамасының фактуралық құны көрсетіледі. Егер фактуралық құнның бөлшек өлшемдері болса, ол дөңгелектеу ережесі бойынша бүтін шамаға дейін дөңгелектенеді.

Тауарлар сатып алу-сату немесе айырбастау шартынан өзгеше шарт бойынша әкетілген, шарттың немесе тараптардың ниетін растайтын өзге құжат жоқ болған реттерде баған толтырылмайды.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс
етілетін құжаттар"

Бағанда реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып көрсетіледі:

1-цифрдың астына (экономикалық реттеу шаралары);

1А - лицензияның нөмірі және берілген күні, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі;

1В - куәліктің (сертификаттың) нөмірі және берілген күні, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі;

2 - көлік құжатының нөмірі;

3 - сатып алу-сату немесе айырбастау шартынан өзгеше шарттың (келісімнің) нөмірі және күні;

4 - шартқа қосымша сатып алу-сату немесе айырбастау шартының (контрактының) нөмірі және күні;

5 - тарауларды Қазақстан Республикасының кеден аумағында (тыс қарсы жерде) ұқсатуға арналған лицензияның (рұқсаттың) нөмірі және берілген күні, сондай-ақ оның қолданылу мерзімі;

6 - Қазақстан Республикасының өзге мемлекеттік органдары, берілген рұқсаттың нөмірі және күні егер тауарлар осы органдардың бақылауына жататын реттерде (олардың атауы көрсетіледі);

7 - цифрдың астында :

7А кеден төлемдерін алудан босату туралы Қазақстан Республикасы Үкіметі шешімінің атауын, нөмірін және күнін қоса басқа да берілген рұқсаттың нөмірі және күні ;

7В - тауарлардың шыққан жері сертификаты туралы деректер;

7С - Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің шетелде шот ашуға берген лицензиясы; Шарт бойынша төлемнің немесе қарсы жеткізілімнің мерзімінен ЖКД кедендік ресімдеуге қабылдаған күннен бастап 180 күннен асып кеткен ретте Қазақстан Ұлттық банкінің рұқсаты көрсетіледі.

7-тармақты толтыру ережесі 14-қосымшада келтірілген.

45 - баған. "Кедендік құн"

Бағанда 31-бағанда жарияланған тауарлардың кедендік құны 22-бағанда жарияланған шарттың валютасымен көрсетіледі.

Тауарлар сатып алу-сату немесе айырбастау шартынан өзгеше шарт бойынша әкетілген, шарттың немесе тараптардың ниетін растайтын өзге құжат жоқ болған реттерде кедендік құн Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасымен (теңге) көрсетіледі .

Егер кеден құны бөлшек өлшемдерден тұрса, ол дөңгелектендіру ережелерімен бүтін шамаға дейін дөңгелектенеді.

46 - баған. "Статистикалық құн"

Бағанда кеден декларациясын кедендік ресімдеуге қабылдаған күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілеген бағам бойынша АҚШ долларымен қайта есептелген (валютаны АҚШ долларымен қайта есептеу тәртібі 16 қосымшада келтірілген), Қазақстандық порт - ФОВ немесе Қазақстан Республикасының шекарасы - ДАФ базасының фактуралық құны бойынша келтірілген жария етілген тауарлардың статистикалық құны көрсетіледі.

Бұл ретте егер тауарларды жеткізілімі пункті (жөнелту) Қазақстан Республикасының кеден аумағында орналасатын шарттарға сәйкес сатылатын болса (мысалы, EXB - Петропавл, ФСА - Көкшетау), онда фактуралық құнға

Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін жерге дейін тауарларды жеткізу жөніндегі қосымша енгізілмеген шығындар қосылады.

Жеткізілім шоттарымен Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары жерде орналасқан жеткізілім пункті (арналған жер) көзделген жағдайлар үшін (мысалы, СИФ - Стамбул немесе ДАФ ресей-польша шекарасы) фактуралық құннан Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілгеннен кейін тауарларды жеткізу жөніндегі шығындар алып тасталады.

Бағанда тауарларды сатып алу-сату немесе айырбастау шартынан өзгеше шартқа сәйкес әкеткен жағдайда тауарлардың кедендік құны АҚШ долларымен қайта есептеліп көрсетеді.

47-баған. "Кеден бажын және алымын есептеу"

Бағанды кедендік рәсімдеу үшін
алым бөлігін толтыру

Кедендік рәсімдеу үшін кеден алымдарын есептеу ЖКД-ның негізгі парағының 12-бағанында келтірілген жалпы кедендік құннан жүргізіледі. Кедендік рәсімдеу үшін кеден алымын есептеу Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы және шетелдік валюта үшін бөлек жүргізіледі.

"Түр" бағанының бірінші бағанасында 12-қосымшада келтірілген Кеден төлемдері сыныптауышына сәйкес төлем коды көрсетіледі.

"Есептеу негізі" бағанының екінші бағанасы толтырылмайды.

"Ставка" бағанының үшінші бағанасында кедендік рәсімдеу үшін кеден алымының белгіленген ставка мөлшері көрсетіледі.

"Сума" бағанының төртінші бағанасында 12-бағанда келтірілген кедендік құн мөлшерінің белгіленген ставка мөлшеріне көбейтіндісі ретінде алынған төлеуге тиесілі төлем сомасы көрсетіледі.

"СП" (төлем әдісі) бағанының бесінші бағанасында:

"БН" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"КТ" - кеден төлем сомасын қолма-қол ақшамен төлеу көрсетіледі.

Ескерту: Кедендік рәсімдеу үшін кеден алымын төлеу тек ЖКД-ның негізгі парағында ғана көрсетіледі.

Бағанды экспорттық кеден бажын
есептеген кезде толтыру

Бағанды толтырған кезде экспорттық кеден бажының сомасын есептеу жөніндегі есеп айырысулар:

- проценттік ставкалар бойынша баж салынатын тауарлар жөнінде товарлардың кедендік құны мәлімделген валютамен;

- тауарлардың салмақ өлшемімен АҚШ долларымен (ЭКЮ) өзіндік ставка бойынша экспорттық кеден баж салынатын тауарларды рәсімдеу

кезінде - АҚШ долларымен (ЭКЮ) жүргізіледі;

Ескерту: Бұл ретте "Есептеудің егжей-тегжейі" бағанында төлем түрлері бойынша нақты төленген сома және төлем жүргізілген валютаның аты, болмаса төлем жөнінде берілген төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеу туралы мәліметтер көрсетіледі.

"Түрі" бағанының бірінші бағанасында 12-қосымшада келтірілген Кеден төлемдерінің сыныптауышына сәйкес төлем коды көрсетіледі.

"Есептеу негізі" бағанының екінші бағанасы толтырылмайды.

"Ставка" бағанының үшінші бағанасында экспорттық кеден бажы ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі.

"Сома" бағанының 4-ші бағанасында экспорттық кеден бажының төлеуге тиесілі сомасы көрсетіледі.

Экспорттық кеден бажының сомасын есептеу үшін:

- кеден құнынан проценттік ставкалармен экспорттық кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - 45 бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны;
- тауарлардың салмақ өлшемінен АҚШ долларымен (ЭКЮ) өзіндік ставкалармен экспорттық кеден бажы салынатын тауарлар бойынша 38-бағанда көрсетілген, тоннамен қайта есептелген тауарлардың нетто салмағы негіз болып т а б ы л а д ы .

"СП" (төлем әдісі) бағанының бесінші бағанасында көрсетіледі.

"бн" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"кт" - кеден төлемдерін қолма-қол ақшамен төлеу;

"оп" - кеден төлемдерін төлеу мерзімі ұзартылды;

"рс" - кеден төлемдерін бөліп төлеуге мұрсат берілді;

"ун" - кеден төлемдерін шартты түрде есептеу.

Ескерту: Экспорттық кеден бажын төлеу кейінге қалдырылған немесе бөліп төленетін ("СП" бағанының бесінші бағанасында "оп" немесе "рс" көрсетілген) жағдайда 48-баған "Төлемді кейінге қалдыру" толтырылады.

Қосымша парақтарда көрсетілген тауарлар үшін экспорттық кеден бажын есептеу қосымша парақтың 44-бағанының тиісті бөлімдерінде дәл сондай тәртіппен жүзеге асырылады.

Экспорттық кеден бажы сомасын есептеген кезде бағанды толтыру мысалы 13-қосымшада көрсетілген.

В-бағаны. "Есептеудің егжей-тегжейі"

Бағанда ЖКД-ның негізгі парағы мен әрбір қосымша парақтардан тұратын

төлемдердің белгілі бір түрінің жалпы сомасы, төлем жүргізілген валютаның қысқаша атауы, сондай-ақ төлем төленгенін растайтын құжаттың нөмірі және датасы 12-қосымшада келтірілген Кеден төлемдерінің сыныптауышына сәйкес әрбір төлем түрлері бөлек көрсетіледі. Бұл ретте 47-бағанды кеден төлемін төлеу жүргізілген валютадан өзгеше валютамен толтырылған жағдайда экспорттық к е д е н б а ж ы с о м а с ы :

- бажды проценттік ставкамен есептеген және теңгемен төлеген жағдайда 23 бағанның сол жақ бөлігінде көрсетілген валюта бағамымен;

- бажды өзіндік ставка бойынша АҚШ долларымен есептеген және теңгемен төлеген кезде 23-бағанның оң жақ бөлігінде көрсетілген валюта бағамымен;

- бажды өзіндік ставка бойынша ЭКЮ мен есептеген және теңгемен төленген жағдайда ЖКД-ны кедендік ресімдеуге қабылдаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық банкісі белгіленген ЭКЮ бағамымен қайта есептеледі. Бұл ретте бағанда қайта есептеу жүргізілген ЭКЮ бағамын көрсету қажет;

- 23-бағанның оң жақ бөлігінде көрсетілген валюта бағамы бойынша теңгемен және одан әрі Қазақстан Ұлттық банкісі бағалаған валюта бағамымен, немесе шетелдік валютамен төлегенде - тұйық және клирингтік валюталардың анықтамалық бағамымен қайта есептеледі.

Кеден төлемдерін төлеу жөнінде кейін төлеуге немесе бөліп төлеуге мүрсат берген кезде (кедендік ресімдеу үшін кеден алымынан басқа) төлемдер төлеуді; "гб" - банкінің кепілдігімен, "зт" - тауарлар кепілдемесінің, "дт" - ақша қаржыларын депозитке берумен, сондай-ақ төлеуді қамтамасыз етуге және валютаның қысқаша атауына берілген жалпы сомамен қамтамасыз ету түрлері к ө р с е т і л е д і .

Ескерту: Сонымен қатар 48 бағанда кеден төлемдерін төлеуге берілген мүрсат мерзімі көрсетіледі.

Бағанды толтыру мысалдары 13 қосымшада келтірілген.

48-баған. "Төлемдердің мерзімін ұзарту"

Бағанда кеден төлемдерін төлеуге мүрсат немесе бөліп төлеу мүмкіндігі берілгендегі кеден төлемдерін төлеудің ең соңғы мерзімі алты араб цифрымен көрсетіліп, олардың әр қосары нүктемен бөлінеді және бұл тиісінше күнді, айды және жылды көрсетеді.

54-баған. "Орны мен уақыты"

Бағанда ЖК толтыру орны мен уақыты көрсетіледі: 14 бағанда көрсетілген ұйым тауарды жариялауға өкілеттік берген адамның аты-жөні; оның лауазымы; жеке қолы; декларанттың - ұйымның телефон және телекс нөмірі.

ЖТД көрсетілген мәліметтер сол ұйымның мөрімен расталады.

2.4. Кеден органының бағандарды толтыру тәртібі

7-баған. "Анықтамалық нөмір"

Бағанда тіркеу - нөмірі және ЖТД кеден ресімдеуіне қабылдау уақыты төмендегідей схема бойынша көрсетіледі:

Элемент	N	999/99		99.99.9/999999		
		-----			мұнда	
	1		2	3	4	5

N - элемент 9-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасы кеден органдарымен оның құрылымдық бөлімдерінің Сыныптауышына сәйкес кедендік рәсімдеу жүргізетін кеденнің бес таңбасы цифрлық коды;

N 2 және N 3 элемент - ЖТД кедендік ресімдеуге қабылдау күні мен айы;

N 4 элемент - ағымдағы жылдың соңғы цифры;

N 5 элементі - тиісті кеден органы ресімдеген ЖТД рет нөмірі (N 1 элементті кара) (ағымдағы жылда үстемелі нәтижемен, жыл аяқталғанда нумерация қайта басталады). Тауарлардың әкетілетініне немесе әкелінетініне қарамастан ЖТД рет нөмірі қайталанбауы тиіс.

Қосымша беттер қолданылған жағдайда "А" бағанының төменгі бөлігінде 33 бағанның үстінде ЖТД негізгі парағының тіркеу нөмірі көрсетіледі.

Мысалы: 01000/25.03.5/000144

Д-бағаны

Бұл бағанда кеден органының мөртабаны мен мөрі, сондай-ақ қажет болғанда кеден бақылауының қорытындыларын куәландыратын басқа да белгілер қойылады.

Кедендік бақылау туралы мөртабандар тауарды шығару жөнінде шешім қабылдаған кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрімен расталады.

ЖТМ сыртқы бетін басқа да кеден мөртабандарын қою үшін пайдалануға болады.

С бағаны

ЖТД бұл бағанын кеден органы технологиялық белгілер үшін пайдалануы мүмкін.

Қосымша бетшелерде бұл бағанда тауарды шығару туралы шешім қабылдаған кеден органының лауазымды адамының жеке нөмірлік мөрі қойылады.

3. Еркін айналысқа шығару кеден режиміне сәйкес әкелінетін тауарларға жүк кеден декларациясын толтыру тәртібі

3.1. Декларант ЖТД төмендегі бағандарын толтырады:

- цифрлық - 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15, 15a, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24,

25, 26, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 53, 54 ; ә р і п т і к - А , В .

3. 4, 5, 6, 11, 12, 14, 19, 22, 23, 24, 25, 26, 29, 31, 32, 33, 35, 37, 38, 39, 40, 41, 42 , 44, 48, 54, А және В бағандары экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетілетін тауарларға жүк кеден декларациясын толтыру Ережелерінде қарастырылған тәртіпте толтырылады (осы Нұсқаулықтың 2, 3 бөлімдері).

3.2. Кеден органының лауазымды адамдары мына бағандарды: 7, 43, Д және С б а ғ а н д а р ы н т о л т ы р а д ы .

7, Д және С бағандары экспорттың кедендік режиміне сәйкес әкетілетін тауарларға жүк кеден декларациясын толтыру Ережелерінде қарастырылған тәртіпте толтырылады (2, 4 бөлім).

43-баған. "Кеден құнын түзету белгілері"

Бағанда мәлімденген кеден құнын түзету белгісі қойылады:

"0" - мәлімденген кеден құны түзетілген жоқ;

"1" - мәлімденген кеден құны түзетілді.

3.3. Декларанттың бағандарды толтыру тәртібі

1-баған. "Декларанттың үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде - "ИМ" көрсетіледі.

Екінші бөлімшесінде 1-қосымшада келтірілген Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды өткізу процедурасының сыныптауышына сәйкес кеден режимінің қос таңбалы цифрлық коды көрсетіледі.

2 - б а ғ а н . " Ж ө н е л т у ш і "

Бағанда тауарларды жөнелтуші туралы мәліметтер көрсетіледі: шетел кәсіпорнының аты мен мекен-жайы, немесе жеке тұлғаның аты-жөні мен м е к е н - ж а й ы .

8 - б а ғ а н . " А л у ш ы "

Бағанда тауарларды алушы туралы мәліметтер көрсетіледі: кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің (мұнан әрі - кәсіпорын) аты мен мекен-жайы немесе жеке тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы және оның жеке басын растайтын құжат.

Бағанның төменгі бөлігінде "N" белгісінен кейін 2 қосымшада келтірілген теңестірілген нөмірлерін қалыптастыру сыныпшылығына сай теңестіру нөмірі көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда қаржылай реттеуге жауапты кәсіпорындардың аты және мекен-жайы немесе жеке тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы және оның жеке басын растайтын құжаттар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Егер қаржылай реттеуге жауапты тұлға алушымен сәйкес келіп қалған жағдайда 8 бағанға сілтеме жасалады (8 бағанды қара).

Бағанның жоғарғы бөлігінде "N" белгісінен кейін 2 қосымшада келтірілген теңестіру нөмірлерін қалыптастыру сыныптауышында сай кәсіпорындардың немесе жеке тұлғалардың теңестіру нөмірлері көрсетіледі.

Сатып алу-сату немесе ауыстыру шартынан басқа шартпен тауарлар өткізгенде баған толтырылмайды.

15-баған. "Жөнелту елінің коды"

Бағанда 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдері сыныптауышына сәйкес жөнелту елінің қысқаша атауы көрсетіледі.

15а-баған. "Жөнелту елінің коды"

Бағанда 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдері сыныптауышына сәйкес жөнелту елінің цифрлық коды көрсетіледі.

16-баған. "Шыққан елі"

Бағанда 3 қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдері сыныптауышына сәйкес тауар шыққан елдің қысқаша атауы көрсетіледі.

Егер тауарларды жариялау сәтінде олардың шыққан елі белгісіз болса, бағанда "белгісіз" деп көрсетіледі.

Егер тауарлар әртүрлі елдерден шықса бағанда "әр түрлі" деп көрсетіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы"

Бағанның сол жақ тараушасында көлік құралдарының саны қойылады, ашық жерден кейін тауарларды ресімдеуді жүргізетін кеден органы қызметінің аймағына тауарлар әкелген көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңіз немесе өзен кемесінің аты, әуе кемесінің сапар және қабырғалық нөмірі, темір жол вагонының нөмірі, жол көлік құралдарының тіркеу нөмірі және басқа о с ы н д а й м ә л і м е т т е р) .

Барлық мәліметтерді көрсету мүмкін болмағанда "Сыртқы бетін қара" деген сілтеме жасалады да ЖКД 1 парағының сыртында көлік құралдарының нөмірлері к ө р с е т і л е д і .

Мысалы: 01 а/м А224 АВ

немесе 23 т/ж вагоны. Сыртқы бетін қараңыз.

Оң жақ бөлімшесінде 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдері Сыныптауышына сәйкес көлік құралы тиесілі елдің цифрлық коды көрсетіледі.

20-баған. "Жеткізілім шарты"

Бағанның бірінші бөлімшесінде 4-қосымшада келтірілген жеткізілім шарттары сыныптауышына сәйкес жеткізілім шартының қос таңбалы цифрлық коды к ө р с е т і л е д і .

Екінші бөлімшенің сол жақ бөлігінде географиялық пункт нұсқала отырып беру шартының қысқаша әріптік атауы көрсетіледі.

Бағанның екінші және үшінші бөлімшенің оң жақ бөлігі толтырылмайды.

21-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралы"

"Шекарадағы көлік құралы"

Бағанның сол жақ бөлімшесінде жарияланған тауарларды халықаралық тасымалдау жүзеге асырылған көлік құралы туралы мәлімет көрсетіледі (теңіз немесе өзен кемесінің аты, әуе кемесінің сапар және қабырғалық нөмірі, темір жол вагонының нөмірі жол көлік құралының тіркеу нөмірі және басқа да о с ы н д а й м ә л і м е т т е р) .

Бағанның оң жақ бөлімшесінде 3-қосымшада келтірілген дүниежүзі елдері сыныптауышына сәйкес көлік құралы тиесілі елдің цифрлық коды көрсетіледі.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Сатып алу-сату шартына сәйкес тауарларды әкелген кезде бағанда әрбір деректеме жаңа жолдан бастап көрсетіліп, олардың әрқайсысының алдына рет н ө м і р і қ о й ы л а д ы :

А. Шетел валютасында есеп айырысуды көздейтін шоттарға сәйкес тауарларды әкелгенде:

- 1 - Мәміле төлқұжатының нөмірі;
- 2 - Банктің қысқаша атауы;
- 3 - банктің мекен-жайы (почта индексі және қала);
- 4 - Экспортшының транзиттік валюталық шотының нөмірі.

Б. Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасында есеп айырысуды көздейтін шартқа сәйкес тауарларды әкелгенде:

1. банктің ОКПО коды;
2. Банктің қысқаша атауы;
3. банктің мекен-жайы (почта индексі және қала);
4. Экспортшының теңгелік есеп айырысу шоты;

В. Мәміленің баспа-бас және басқа түрлерінде баған толтырылмайды.

30-баған. "Тауарларды тексеру орны"

Бағанда кедендік ресімдеу кезеңінде тауарлар тұратын уақытша сақтау қоймаларын ұстау жөніндегі лицензияның нөмірі көрсетіледі.

Егер тауарларды кедендік ресімдеу басқа бір жерлерде жүргізілген жағдайда бағанда осындай тауарлар есепке алынатын уақытша сақтау немесе кеден қоймасын құруға берілген лицензияның нөмірі көрсетіледі.

34-баған. "Шыққан елдің коды"

Бағанда 3-қосымшада келтірілген Дүниежүзі елдері сыныптауышына сәйкес жарияланған тауарлардың шыққан елінің цифрлық коды көрсетіледі.

Егер шыққан елі белгісіз болған жағдайда немесе тауарлар әртүрлі елдерден шықса бағанда "000" көрсетіледі.

36-баған "Артықшылықтар"

Бағанда II-қосымшада келтірілген артықшылықтар, жеңілдіктер мен кеден төлемдерін төлеудің жеңілдіктері мен басқа да ерекшеліктері Сыныптауышына

сәйкес берілген жеңілдіктердің, артықшылықтардың немесе кеден төлемдерін төлеу ерекшеліктерінің әріптік кодтары көрсетіліп, ол төмендегі схема бойынша құралады :

С П А Н , м ұ н д а :

С - кеден ресімдеуі үшін берілген жеңілдіктің немесе кеден алымын төлеу жөніндегі басқа да ерекшеліктің коды;

П - импорттық кеден бажын төлеу жөнінде берілген жеңілдіктің, артықшылықтың коды ;

А - акцизді төлеу бойынша берілген жеңілдіктің коды;

Н - қосымша құнға салынатын салықты және арнаулы салықты төлеу жөнінде берілген жеңілдіктердің коды .

Егер мәлімденген тауарларға жеңілдіктер мен артықшылықты берілмеген жағдайда тиісті жерге "О" әрпі қойылады.

М ы с а л ы :

а) әкелінетін тауарларға импорттық кеден бажын төлеу бойынша жеңілдік берілген, басқадай жеңілдік берілмеген - бағанға "ОПОО" белгісі қойылады;

б) әкелінетін тауарлар бойынша кедендік ресімдеу үшін кеден алымын және импорттық кеден бажын төлеу жөнінде жеңілдік берілген, қосылған құнға салынатын салық төленеді, бұл тауарлар үшін акциз ставкалары белгіленбеген - бағанға "СПОО" белгісі қойылады;

в) әкелінетін тауарлар қосылған құнға салынатын салықтар босатылған, кеден төлемдерін төлеу бойынша басқадай жеңілдіктер берілмеген немесе ставкалар белгіленбеген - бағанда "ОООН" белгісі қойылады;

г) әкелінетін тауарлар бойынша ешбір жеңілдік берілмеген немесе ставкалар белгіленбеген - бағанда "ОООО" белгісі қойылады.

45-баған. "Тауарлардың кедендік құны"

Бағанда шарт (контракт) валютасында 31 бағанда мәлімделген тауарлардың кедендік құны көрсетіледі .

Тауарлар сатып алу-сату немесе ауыстыру шартынан өзгеше шарт бойынша әкелінсе немесе тараптардың ниетін білдіретін шарт немесе басқа да құжаттар болмаса кедендік құн Қазақстан Республикасының валютасында (теңгемен) көрсетіледі .

Егер кеден құнында бөлшек сандар болса, ол дөңгелектеу тәртібімен бүтін санға жеткізіледі.

46-баған. "Статистикалық құн"

Бағанда жарияланған тауарлардың СИФ - Қазақстан порты немесе СИП -

Қазақстан Республикасының шекарасындағы баратын пункті бағалар базасына фактуралық құн бойынша келтірілген ЖКМ кедендік ресімдеуге берілген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық банкіде бағаланатын АҚШ долларының бағамы бойынша қайта есептелген статистикалық құны көрсетіледі (валютаны) АҚШ долларына қайта есептеу тәртібі 16-қосымшада келтірілген).

Сонымен қатар, егер тауарлар жеткізілім (жіберу) пункттері Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жерлерде болатын шартпен сатып алынса (мысалы, EXB - Пекин, СИФ - Берлин), онда фактуралық құнға тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағына енгізу орнына дейін жеткізу жөніндегі қосымша шығыстар қосылады.

Жеткізілім шарттары бойынша Қазақстан Республикасының кеден аумағында орналасқан жеткізу пункті қарастырылған жағдайда (мысалы, СИП - Қарағанды), Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінгеннен кейін фактуралық құннан тауарларды жеткізу шығыстары алынып тасталады.

Тауарлар сатып алу-сату немесе ауыстыру шартынан өзгеше шарт бойынша әкелінген кезде де тауарларды АҚШ долларымен қайта есептелген кедендік құны көрсетіледі.

Егер статистикалық құнда бөлшек сандар болса ол дөңгелектеу тәртібімен бүтін санға жеткізіледі.

47-баған. "Кеден баждары мен алымдарын есептеу"

Тауарларды кедендік ресімдеу үшін кеден алымдарын есептеу осы Нұсқаулықтың 2, 3 тармақтарында келтірілген тәртіппен бірдей.

Импорттық кеден бажын есептеу
кезінде бағанды толтыру

Бағанды толтырған кезде импорттық кеден бажының сомасын шығару
жөніндегі есептер:

- ставкалар бойынша проценттен баж салынатын тауарлар бойынша - тауарлардың кедендік құны мәлімденген валютада;
- салмақ бірлігінен немесе берілген заттай көлемінен АҚШ долларымен (ЭКЮ) айрықша ставка бойынша импорттық кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - АҚШ долларында (ЭКЮ) жүргізіледі.

Ескерту: сонымен қатар "Есептеу толықтығы" бағанында төлем түрлері бойынша нақтылы төленген сомалар туралы мәліметтер және төлем жасалған немесе мұрсат, не бөліп төлеу мүмкіндігі берілген валюта атауы көрсетіледі.

"Түр" бағанының бірінші бағанасында 12-қосымшада келтірілген кеден төлемдері сыныптауышына сәйкес төлем коды көрсетіледі.

"Үстеме есептеу негізі" бағанының екінші бағанасы толтырылмайды.

"Ставка" бағанының үшінші бағанасы импорттық кеден бажының белгіленген мөлшері көрсетіледі.

"Сума" бағанының төртінші бағанасында импорттық кеден бажының төленуге тиіс сомасы көрсетіледі.

Импорттық кеден бажы сомасын есептеп шығарудың негізі мыналар болып табылады:

- құннан проценттік ставкалар бойынша импорттық кеден бажы алынатын тауарлар бойынша - 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны;

- салмақ бірлігіне АҚШ долларында (ЭКЮ) айрықша ставка бойынша импорттық кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - 38 бағанда көрсетілген тауарлардың нетто салмағы;

- берілген заттай көлеміне АҚШ долларында (ЭКЮ) айрықша ставка бойынша кеден бажы салынатын тауарлар бойынша - 31 бағанның оң жақтағы төменгі бөлімшесінде көрсетілген тауарлар саны.

"ТӨ" (төлем әдісі) бағанның бесінші тізбесінде мыналар көрсетіледі:

"бн" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"қт" - кеден төлемдері сомасын қолма-қол төлеу;

"оп" - кеден төлемдерін төлеуге мұрсат беру;

"ро" - кеден төлемдерін бөліп төлеу мүмкіндігі берілді;

"ун" - кеден төлемдерін шартты есептеу.

Ескерту: Импорттық кеден бажын төлеу бойынша мұрсат немесе бөліп төлеу мүмкіндігі берілсе ("ТӨ" бағанының бесінші тізбесіне "оп" не "ре" көрсетіледі) 48 "Төлем мерзімін ұзарту" бағаны толтырылады.

Импорттық кеден бажы сомасын есептеу кезінде бағанды толтыру мысалдары 13-қосымшада келтірілген.

Акцизді есептеу кезінде

бағанды толтыру тәртібі

Бағанды толтыру кезінде акцизді шығару есебі:

- проценттік ставкалармен акциз салынатын тауарлар бойынша тауарлардың кедендік құны мәлімденген валютада;

- салмақ бірлігіне немесе берілген заттай көлеміне ЭКЮ-де айрықша ставкада акциз салынатын тауарлар бойынша - ЭКЮ-де жүргізіледі.

Ескерту: Сонымен қатар "Есептеудің егжей-тегжей" бағанында төлем түрлері бойынша нақтылы төленген сомалар туралы мәліметтер және төлем жасалған валютаның атауы көрсетіледі.

"Түр" бағанының бірінші бағанасында 12-қосымшада келтірілген Кеден төлемдері сыныптауышына сәйкес төлем коды көрсетіледі.

"Есептеу негізі" бағанының екінші бағанасы толтырылмайды.

"Ставка" бағанының үшінші бағанасында акциз ставкасының белгіленген мөлшері көрсетіледі.

Акциз ставкасын есептеудің негізі 45-бағанда көрсетілген тауарлардың кедендік құны болып табылады.

"ТӘ" (төлем әдісі) бағанының бесінші тізбесінде мыналар көрсетіледі:

"бн" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"кт" - Салық сомасын қолма-қол төлеуі;

"ун" - салықты шартты есептеу.

Акциз сомасын есептеу кезінде бағанды толтыру мысалы 13-қосымшада келтірілген.

Қосымша құнға салынатын салыққа есептегенде бағанды толтыру тәртібі

Бағанды толтырғанда қосымша құнға салынатын салықты шығару есебі тауарлардың кеден құны мәлімдеген валютада жүргізіледі.

Ескерту: Сонымен қатар "Есептеу толықтығы" бағанында төлем

түрлері бойынша нақты төленген сомалар туралы мәліметтер

және төлем жасалған немесе төлемге мұрсат берілген валютаның атауы көрсетіледі.

"Түр" бағанының бірінші бағанасында 12-қосымшада келтірілген Кеден төлемдері сыныптауышына сәйкес төлем коды көрсетіледі. "Есептеу негізі" бағанының екінші бағанасы толтырылмайды. "Ставка" бағанының үшінші бағанасында қосымша құнға салынатын салықтың белгіленген мөлшері көрсетіледі.

"Сома" бағанының төртінші бағанасында қосымша құнға салынатын салықтың төленуге тиіс сомасы көрсетіледі.

Қосымша құнға салынатын салық сомасын есептеудің негізі 45-бағанында көрсетілген тауарлардың кедендік құны болып табылып, оған кедендік ресімдеу үшін кедендік алымдар сомасы, импорттық кеден бажының сомасы және осы декларацияға сәйкес есептелген акциз сомасы қосылады.

"ТӘ" (төлем әдісі) бағанының бесінші тізбесінде мыналар көрсетіледі:

"бн" - банк арқылы қолма-қол ақшасыз есеп айырысу;

"с" - Салық сомасын қолма-қол төлеу;

"оп" - салық төлеу жөнінде мұрсат берілді;

"ун" - салықты шартты есептеу.

Қосымша құнға салынатын салық сомасын есептеу кезінде бағанды толтыру мысалы 13-қосымшада келтірілген.

53-баған. "Кеден және баратын елі"

Бағанда кедендік ресімдеуден өткізу үшін тауарларды ішкі кеденге жеткізуге негіз болатын транзиттік кеден құжаттары туралы мәліметтер көрсетіледі (әрбір деректеме жаңа жолдан басталып, олардың әрқайсысының алдына рет нөмірі қойылады).

1 - жеткізуді бақылау құжатының нөмірі (ЖБҚ)

2 - кітапшаның нөмірі мен уақыты МДП.

4. Тауарларды кеден қоймасының кеден режиміне қойғанда жүк кеден декларациясын толтыру ережелері

4.1. Декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын толтырады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 22, 23, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 44, 45, 47, 49, 54, А, В.

Экспорттың кеден режиміне сәйкес әкетуге арналған тауарларды кеден қоймасына орналастырғанда көрсетілген бағандардан 8, 15, 15а, 21, 25, 29 бағандар толтырылмайды.

4.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды толтырады:

7, С және Д.

3, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 23, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 45, 47, 54.

А, В, С және Д бағандары осы Нұсқаулықтың 2 немесе 3 тарауларына сәйкес толтырылады.

4.3. 1, 2, 8, 9, 22, 28, 44, 49 бағандарды толтырудың төмендегідей ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгісі"

Тауарларды кеден қоймасына орналастырғанда:

- Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетіндерінде "ИМ";
- экспорттық кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетіндерінде "ЭК" көрсетіледі.

Екінші бөлімшесінде кеден режимінің қос таңбалы коды "74" көрсетіледі. Бағанның үшінші бөлімшесінде толтырылмайды.

2-баған. "Жөнелтуші"

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкетуге арналған тауарларды кеден қоймасына орналастырған кезде бағанда осы Нұсқаулықтың 2-бөлімінде көрсетілген тәртіппен кеден қоймасына тауарларды орналастырған тұлға туралы

мәліметтер

көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға байланысты баған осы Нұсқаулықтың 3 бөліміне сәйкес толтырылады.

8-баған. "Алушы"

Бағанда осы Нұсқаулықтың 3 бөліміне сәйкес тауарларды кеден қоймасына орналастырушы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда, егер кеден органының келісімімен аталған тұлға кеден төлемдерін төлеуге жауап беретін болса, осы Нұсқаулықта қарастырылған тәртіп бойынша қойма иесі немесе тауарларды кеден қоймасына орналастырған тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

22-баған. "Валюта және тауарлардың жалпы фактуралық құны"

Бағанның сол жақ бөлімшесіне осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген валюта сыныптауышына сәйкес мәміле жасауды реттейтін шарт немесе басқа да келісім валютасының цифрлық коды көрсетіледі.

Бағанның бірінші бөлімшесі толтырылмайды.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда (әрбір деректеме жаңа жолдан басталып, әрқайсысын алдына бір рет нөмірі қойылады) мыналар көрсетіледі:

1 - теңгедегі есеп айырысу шотының нөмірі, ОКПО коды және 9 бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шоты ашылған банктің қысқаша атауы.

2 - Шетел валютасындағы шоттың нөмірі, ОКПО коды және 9-бағанда көрсетілген тұлғаның шоты ашылған банктің қысқаша атауы.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс етілетін құжаттар"

4 цифрдың астында тауарларды кеден қоймасына орналастыратын тұлға мен қойма иесі арасындағы шарттың нөмірі мен уақыты көрсетіледі.

Қалған ақпарат осы Нұсқаулыққа сәйкес көрсетіледі.

49-баған. "Қойманың атауы"

Бағанда кеден қоймасын құруға берілген лицензияның нөмірі мен уақыты көрсетіледі.

5. Тауарларды тауарлар кері импортының кедендік режиміне қойғанда жүк кеден декларациясын толтырудың ережелері

5.1. Декларант жүк кеден декларациясының төмендегідей бағандарын толтырады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 50, 54, А, В.

5.2. Кеден органының лауазымды адамы
7, С және Д бағандарын толтырады.

2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 29, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 54, А, В, Д бағандары осы Нұсқаулықтың 3 бөліміне сәйкес толтырылады.

Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде болғанда кері импорттық тауарлардың күйі өзгерген жағдайда декларант жүк кеден декларациясын қосымша толтырады, ол ЖКД ажырамас бөлігі болып кеден органына ЖКД бірге беріледі.

5.3. 1, 9, 29, 31, 40, 50, С бағандарын толтыру ережелерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде "ИМ" көрсетіледі.

Екінші бөлімшеде кеден режимінің қос таңбалы коды "41" көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда осы Нұсқаулықта қарастырылған тәртіпте кері (DOWN) импорттың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарларды алып жүретін тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

Тауарларды сатып алу-сату немесе ауыстыру шарттары бойынша әкелгенде шартты жасаған Қазақстандық тұлғаның деректемелері көрсетіледі.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Сатып алу-сату шарттары бойынша тауарларды әкелгенде бағанда осы Нұсқаулықта қарастырылған тәртіпке сәйкес (әрбір деректемені жаңа жолдан бастап және әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып) банк деректемелері және кері импорттың кеден режиміне сәйкес тауарларды алып жүретін тұлғаның ағымдағы валюталық шотының нөмірі (контракт бойынша теңгемен есеп айырысатын жағдайда - есеп айырысу шотының нөмірі) көрсетіледі.

Басқадай жағдайларда баған толтырылмайды.

31-баған. "Жүк орындары және тауарларды сипаттау"

Кері импортталатын тауарлар Қазақстан Республикасынан тысқары жерлерде болғанда олардың күйі өзгерген жағдайда бағанда ЖКД Қосымшасына сілтеме жасалады.

Қалған ақпараттар осы Нұсқаулықта қарастырылған тәртіпке сәйкес толтырылады.

40-баған. "Жалпы мәлімдеме/алдыңғы құжат"

Бағанда тауарларды экспорттың кеден режиміне орналастыруға негіз болған декларацияның нөмірі, немесе осы Нұсқаулықтың 2-бөліміне сәйкес белгіленген әкету уақыты көрсетіледі.

50 - баған. "Сенуші"

Бағанда декларант мынадай жазу жасайды: "Тауарлардың кері импорт режиміне орналастыру шарттарына жауап беретінін мәлімдеймін: әкету фактісі мен сәті, Қазақстан тауары, өзгеріссіз күйі - экспортқа салынатын салық қайтарымымен (әкету бажы қайтарымсыз)".

С бағаны

Бағанда кедендік ресімдеуді жүргізетін лауазымды адам кері импорттың кеден режиміне орналастыруға қажетті соңғы құжаттың атын, қабылданған күнін, айын және жылын көрсетеді, белгі лауазымды адамның қолымен және жеке нөмірлік мөрімен расталады.

Жүк кеден декларациясына қосымша

ЖКМ ажырамас бөлігі болып табылады.

ҚР кеден аумағынан экспорт	кері импорттың кеден режимінде алып
режимінде әкетілетін тауарлар	жүрілетін тауарлар туралы
туралы мәліметтер	мәліметтер

1. Адамның аты-жөні немесе мәлімдеуші - ұйымның атауы

2. Әкету уақыты, ЖКД немесе	ЖКД N (кеден органының лауазымды
әкету уақытын растайтын	адамы тауарды әкелгенде береді)
құжаттың N	

тауарлардың сәйкестігі
СЭҚ ТН бойынша код және тауарлардың атауы,
техникалық сипаттамалары

4. Валюта және тауарлардың кедендік құны

5. Декларанттың қолы мен мөрі

6. Бұрын төленген соманы қайтару талап етіле ме?
Иә жоқ (қажетсізі сызылады)

7. Кеденнің тауарларды кері импорттың кеден режиміне орналастыруға рұқсаты туралы белгілер

х/ Тозудың немесе кемудің табиғилығын растайтын негіз, тасымалдау мен сақтаудың қалыпты жағдайы көрсетіліп, ұсақ жөндеулер мен басқа осындай операциялар жүргізілген жағдайда әкету сәтінде құнның өспегенін куәландыратын есептеулер келтіріледі.

6. Мемлекет пайдасына бас тартылған тауарлар мен көлік құралдарын кеден режиміне орналастыру кезінде жүк кеден декларациясын толтыру ережелері

6.1. Декларант жүк кеден декларациясының төмендегі бағандарын толтырады: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 12, 14, 22, 31, 33, 35, 37, 38, 40, 41, 44, 45, 50.

Сонымен қатар 12, 22, 45 бағандар тауарлар құны белгілі болған жағдайда толтырылады, мәлімдеушінің тауарлар мен көлік құралдарын СЭҚ ТН сәйкес Сыныптауға мүмкіндігі болмаса 33 және 41 бағандарды кеден органы толтырады.

6.2. Кеден органының лауазымды адамы төмендегі бағандарды толтырады: 7, С ж ә н е Д .

3, 4, 5, 6, 12, 14, 31, 33, 35, 37, 38, 41, 44, 45, 54 бағандары осы Нұсқаулықтың 2 немесе үшінші бөлімдеріне сәйкес толтырылады.

6.3. 1, 22, 31, 40, 50 бағандарын толтыру ережелерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгісі"

Б і р і н ш і б ө л і м ш е д е :

- Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе осы аумаққа әкелінген және басқа да кеден режиміне орналастырылған тауарлар мен көлік құралдарына қатысты - "ИМ";

- Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарлар мен көлік құралдары үшін - "ЭК" белгілері қойылады.

Екінші бөлімшеде кеден режимінің қос таңбалы "75" коды көрсетіледі.

Бағанның үшінші бағаны толтырылмайды.

22-баған. "Жалпы фактуралық құн"

Сол жақ бөлімшеде 45 бағанда кеден құны келтірілген валютаның коды көрсетіледі.

Бағанның бірінші бөлімшеде толтырылмайды.

31-баған. "Жүк орындары және тауарлар сипаттамасы"

Бағанда тауарлардың немесе көлік құралдарының дара белгілері көрсетіледі.

40-баған. "Жалпы декларация/алдыңғы құжат"

Бұрын басқа кеден режиміне орналастырылған мемлекет пайдасына

бас тартылған тауарлар мен көлік құралдарын кеден режиміне орналастырған кезде тауарлар мен көлік құралдары бұрын басқа кеден режимінде орналасқандығы ЖКД нөмірі көрсетіледі.

50 - баған . " С е н у ш і "

Бағанда тауарлар мен көлік құралдарынан бас тартудың себептері қысқаша баяндалады.

7. Мемлекет пайдасына бас тарту кеден режимі кезінде кеден органдарының жүк кеден декларация бланкыларын толтыру ережелері

Кеден органының лауазымды адамы жүк кеден декларациясының мына бағандарын толтырады: 1, 4, 5, 6, 7, 12, 14, 22, 31, 33, 35, 37, 38, 40, 41, 44, 45, 54, С ж ә н е Д .

Сонымен қатар 12, 22, 45 бағандар тауар құны белгілі болса ғана т о л т ы р ы л а д ы .

4, 5, 6, 7, 12, 31, 33, 35, 37, 38, 41, 44, 45, С және Д бағандары осы Нұсқаулықтың 2 немесе 3 бөліміне сәйкес толтырылады.

7, 2, 14, 54 бағандарын толтыру ережелерінің төмендегідей ерекшеліктері бар:

14 - баған . " Д е к л а р а н т "

Бағанда мемлекет пайдасына бас тарту кеден режиміне тауарлар мен көлік құралдарын орналастырушы тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі: кәсіпорынның , ұйымның, мекеменің (мұнан әрі - кәсіпорын) атауы, немесе жеке тұлғаның аты-жөні, мекен-жайы және оның жеке басын растайтын құжат туралы м ә л і м е т т е р .

54-баған. "Орыны және датасы"

Бағанда кеден органының аты, жүк кеден декларациясы бланкінің толтырған лауазымды адамның қызметі, тегі, аты-жөні көрсетіледі. Аталған лауазымды адам мәліметтерді өзі қойып қолымен және жеке нөмірлі мөрімен куәландырылады.

8. Иесі Қазақстан Республикасының кеден органы болып табылатын кеден қоймасына тауарларды орналастырған кезде жүк кеден декларациясын толтыру ережесі

8.1. Декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9 , 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 22, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 44, 45, 47, 49 , 54 , А , В т о л т ы р а д ы .

Экспорттық кеден режиміне сәйкес әкетілуге арналған тауарларды кеден қоймасына орналастыру кезінде аталған бағандардың ішінен 8, 15, 15а, 21, 25, 29 бағандары т о л т ы р ы л м а й д ы .

8.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды: 7, С және Д толтырады.

Осы Нұсқаулықтың 2 немесе 3-бөлімдеріне сәйкес 3, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 16, 19, 21, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 45, 47, 54, А, В, С және Д бағандары толтырылады. 1, 2, 8, 22, 28 бағандар осы Нұсқаулықтың 4-бөліміне сәйкес толтырылады.

8.3. 9, 44, 49 бағандары толтыруда мынадай ерекшеліктер бар:

9-баған. "Қаржыны реттеуге жауапты тұлға"

Бағанды осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен кеден қоймасына тауарларын орналастырған тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

44-баған. "Қосымша ақпараттар/табыс етілетін құжаттар"

Қойма куәлігінің нөмірі мен данасы 4 цифрмен көрсетіледі. Қалған ақпараттар осы Нұсқаулыққа сәйкес көрсетіледі.

49-баған. "Тауарлардың атауы"

Бағанда кеден қоймасы құрылымдық бөлімшесі болып табылатын кеденнің атауы және коды көрсетіледі.

9. Уақытша әкелуді (әкетуді) кеден режимімен тауарларды орналастырған кезде жүк кеден декларациясын толтырудың ережелері

9.1. Декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 42, 44, 45, 47, 54, А, В толтырады.

9.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды: 7, С және Д толтырады. Осы Нұсқаулықтың 2 және 3-бөлімдеріне сәйкес 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 23, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 54, А, В, С және Д бағандар толтырылады.

9.3. 1, 9, 12, 22, 28, 36, 44, 45, 47 бағандарды толтыру ережесінің мынадай ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгілері" бөлімшесінде:

- Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарларға "ЭК" көрсетіледі;

- Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін тауарларға "ИМ" көрсетіледі.

Екінші бөлімшеде кеден режимінің "31" екі мәнді коды көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда осы Нұсқаулықты көзделген тәртіппен тауарларды өткізуші (тауарларды уақытша әкелуге (әкетуге) рұқсат алған) тұлға туралы мәліметтер көрсетіледі.

12-баған. "Жалпы кедендік құн"

Бағанда негізгі және қосымша парақтардың 45-бағандарында көрсетілген, тауарлардың кедендік құнының сомасы ретінде алынған жария етілетін тауарлардың жалпы кедендік құны АҚШ долларымен көрсетіледі.

22-баған. "Жалпы фактуралық құн"

Сол жақ бөлімшесінде 45-бағанда тауарлардың кедендік құны келтірілген валютаның коды көрсетіледі. (Мысалы, егер 45-бағанда құны АҚШ долларымен мәлімделсе, онда 001 көрсетіледі).

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда (реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып):

1-теңгемен есеп айырысу шотының нөмірі, ОКПО коды және 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шоты ашылған банкінің қысқаша атауы;

2-шетел валютасымен шоттың нөмірі, ОКПО коды және 98-бағанда көрсетілген тұлғаның шоты ашылған банкінің қысқаша атауы көрсетіледі.

36-баған. "Артықшылықтар"

Кеден бажын төлеуден ішінара босатылған ретте бағанның тиісті айқындамасында "О" қойылады.

Уақытша әкетілген (әкелінген) тауарларды кері әкелген (әкетілген) кезде баған толтырылмайды.

Кеден төлемдерін төлеуден толық босатылған жағдайда баған осы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс етілетін құжаттар"

Уақытша әкелудің (әкетудің) кеден режимімен орналастырылған тауарлардың мерзімі 8 цифрмен көрсетіледі, мынадай нысанда кері әкетілуі (әкелінуі) тиіс.

8 - "Тауарларды дд. аа. жж дейін әкетуге (әкелуге) міндеттенемін, мұндағы дд. аа. жж - күн, ай және жылдың соңғы екі цифры.

Қалған ақпарат осы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

45-баған. "Кедендік құн"

Бағанда 33-бағанда мәлімделген уақытша әкелінген (әкетілген) тауарлардың кедендік құны АҚШ долларымен қайта есептеліп көрсетіледі.

Егер кедендік құн бөлшек өлшемдерден тұратын болса, ол дөңгелектеу ережелері бойынша бүтін шамаға дейін дөңгелектендіріледі.

47-баған. "Кеден баждары мен алымдарын есептеу"

Кеден төлемдерінің сомасын есептегенде бағанды толтыру осы Нұсқаулыққа сәйкес жүргізіледі.

Бұл ретте кеден баждары мен алымдарының сомасын есептегенде "СП" (төлем әдісі) бағанының бесінші бағанасына "УН" (кеден төлемдерін шартты түрде есептеу) әріп коды қойылады.

10. Тауарларды бажсыз сауда дүкеніне кеден
режимімен орналастырылған жағдайда жүк
кеден декларациясын толтыру ережелері

10.1. Декларант тауарларды бажсыз сауда дүкеніне кеден режимімен орналастырылған жағдайда жүк кеден декларациясының мына бағандары: 1, 2, 3, 5, 6, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 54, А, В толтырылады.

3, 5, 6, 12, 14, 15, 15а, 16, 18, 19, 22, 23, 24, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 54, А және В бағандары осы Нұсқаулықтың 2 немесе 3-бөлімдеріне сәйкес толтырылады.

10.2. 1, 2, 9, 23, 30 бағандары толтырудың мынадай ерекшеліктері бар:
1-баған. "Декларация үлгілері"

бажсыз сауда дүкеніне кеден режимімен орналастырылған жағдайда бағанның бірінші бөлімшесіне:

- Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе осы аумаққа әкелінген және өзге кеден режимімен орналастырылған тауарлар жөнінде - "ИМ"

- Қазақстандық тауарлар жөнінде - "ЭК" көрсетіледі.

Екінші бөлімшеде кеден режимінің екі мәнде - "72" коды көрсетіледі. Бағанның үшінші бөлімшесі толтырылмайды.

2-баған. "Жөнелтуші"

Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін немесе осы аумаққа әкелінген және өзге кеден режимімен орналастырылған тауарлар жөнінде баған осы Нұсқаулықтың 3-бөліміне сәйкес толтырылады.

Қазақстандық тауарлардың бажсыз сауда дүкеніне кеден режимімен орналастырылған жағдайда бағанда кәсіпорынның, мекеменің немесе ұйымның аты және мекен-жайы болмаса жеке тұлғаның төлқұжат деректері көрсетіледі. Қалған ақпарат осы Нұсқаулықтың 2-бөліміне сәйкес толтырылады.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен бажсыз сауда дүкенінің иесі туралы мәліметтер көрсетіледі.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда (реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып):

1-теңгемен есеп айырысу шотының нөмірі, ОКПО коды, бажсыз сауда дүкенінің есеп айырысу шоты, иесінің есеп айырысу шоты ашылған банкінің қысқаша атауы;

2-шетел валютасымен шот нөмірі, ОКПО коды және шот ашылған

банкiнiң қысқаша атауы көрсетiледi.
30-баған. "Тауарларды тексеру орны"

Бағанда бажсыз сауда дүкенiн ұйымдастыруға берiлген лицензияның нөмiрi көрсетiледi.

11. Тауарларды керi экспорттың кеден режимiмен орналастырған жағдайда жүк кеден декларациясын толтыру ережесi

11.1. Декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15a, 16, 17, 17a, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 54, А, В толтырылады.

11.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды: 7, С және Д т о л т ы р а д ы .

2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12, 14, 15, 15a, 16, 17, 17a, 18, 19, 21, 22, 23, 24, 25, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 36, 37, 38, 40, 41, 42, 45, 46, 47, 54, А В С Д бағандары осы Нұсқаулықтың 2 немесе 3-бөлімдеріне сәйкес толтырылады.

11.3. 1, 9, 20, 28, 44 бағандарды толтыру ережесінің мынадай ерекшеліктері б а р :

1-баған. "Декларация үлгісі"

Бірінші бөлімшеде:

- Қазақстан Республикасының кеден аумағына әкелінетін және тікелей әрі тек қана кері экспорт мақсаттарына арналған тауарлар үшін - "ИМ";

- Кері экспорттың кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілетін тауарлар үшін - "ЭК" көрсетіледі.

Екінші бөлімшеде кеден режимінің екі мәнді коды - "II" көрсетіледі. Бағанның үшінші бөлімшесі толтырылмайды.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда кері экспорттық кеден режиміне сәйкес Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарды өткізуші тұлға туралы мәліметтер осы Нұсқаулыққа көзделген тәртіппен көрсетіледі.

20-баған. "Жеткізілім шарттары"

Бағанның бірінші бөлімшесінде осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасында келтірілген жеткізілім шарттарының сыныптауышына сәйкес жеткізілім шарттарының екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі.

Екінші бөлімшенің сол жақ бөлігінде географиялық пунктті көрсете отырып, жеткізілім шарттарының қысқаша есептік атауы көрсетіледі.

Бағанның үшінші және төртінші бөлімшелері толтырылмайды.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және олардың

әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып, 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шотын жүргізетін банкінің реквизиттері:

1 - банкінің ОКПО коды;

2 - банкінің қысқаша атауы;

3-банкінің мекен-жайы (почта индексі және қала);

4-есеп айырысу теңге шоты немесе ағымдағы валюта шотының нөмірі (шетел валютасымен есеп айырысқан кезде) көрсетіледі.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс етілетін құжаттар"

Кері экспорттың кеден режимімен орналастырылған тауарларды Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілуге тиімді болып табылатын мерзімі мынадай нысанда 8 цифрымен көрсетіледі.

8 - "Тауарларды - кк.аа.жж дейін әкетуге міндеттенемін", мұндай кк.аа.жж - күн, ай және жылдың екі соңғы цифры. Қалған ақпарат осы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

12. Кеден аумағын тысқары жерде ұқсатуға кеден режимімен тауарларды орналастырған кезде жүк кеден декларациясын толтыру ережелері

12.1. Декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын:

1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15, 15а-бағандарын (тауарларды ұқсатудан кейін әкелген кезде), 17, 17а бағандарын (тауарларды ұқсатуға әкеткен кезде), 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 54, А, В т о л т ы р а д ы .

12.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды: 7, С және Д т о л т ы р а д ы .

Осы Нұсқаулықтың 2 және 3 бөлімдеріне сәйкес 2, 3, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 14, 15, 15а, 17, 17а, 18, 19, 21, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 35, 36, 37, 38, 39, 40, 41, 45, 46, 47, 48, 54, А, В, С, Д бағандары толтырылады.

12.3. 1, 9, 20, 22, 28, 42, 44 бағандарын толтырудың мынадай ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде:

- тауарлар ұқсатуға әкетілген кезде - "ЭК";

- тауарлар ұқсатудан кейін әкелінген кезде - "ИМ" көрсетіледі.

Бағанның екінші бөлімшесінде кеден режимінің екі мәнді коды - "61" көрсетіледі.

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда ұқсатуға рұқсат (лицензия) алған Қазақстандық тұлға туралы

мәліметтер осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен көрсетіледі.

20-баған. "Жеткізілім шарттары"

Бағанның бірінші бөлімшесінде осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасында келтірілген жеткізілім шарттарының сыныптауышына сәйкес жеткізілім шарттарының екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі.

Екінші бөлімшенің сол жақ бөлігінде географиялық пунктті көрсете отырып жеткізілім шарттарының қысқа әріптік атауы көрсетіледі.

Бағанның үшінші және төртінші бөлімшелері толтырылмайды.

22-баған. "Жалпы фактуралық құн"

Сол жақ бөлімшеде осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген валюта сыныптауышында сәйкес валюта шартының коды көрсетіледі.

Бағанның оң жақ бөлімшесінде ЖКД-нің негізгі және қосымша парақтарының 42-бағанында келтірілген құндар сомасы ретінде алынған тауарлар құны көрсетіледі.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда реквизиттердің әрқайсысының жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып, 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шотын жүргізетін банкінің реквизиттері:

1 - банкінің ОКПО коды;

2 - банкінің қысқаша атауы;

3-банкінің мекен-жайы (почта индексі және қала);

4-есеп айырысу теңге шотының (есеп айырыс теңгемен жүргізілсе) нөмірі немесе ағымдағы валюта шотының (шетел валютасымен есептескен кезде) нөмірі көрсетіледі.

42-баған. "Тауардың фактуралық құны"

Бағанда шот-фактурада немесе өзге коммерциялық, тауарлармен бірге жүретін , көлік, банк немесе сараптық құжаттарда келтірілген құн валюта шартында көрсетіледі.

Егер фактуралық құн бөлшек өлшемде болса, ол дөңгелектеу ережесімен бүтін шамаға дейін дөңгелектенеді.

44-баған. "Қосымша ақпарат/беретін құжаттар"

Ұқсату шартының нөмірі және датасы 4 цифрымен көрсетіледі.

Тауарларды кеден бақылауымен ұқсатуға берілген рұқсаттың (лицензияның) нөмірі және датасы 5 цифрымен көрсетіледі.

Қалған ақпарат осы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

13. ПРАВИЛА ЗАПОЛНЕНИЯ ГРУЗОВОЙ ТАМОЖЕННОЙ ДЕКЛАРАЦИИ ПРИ ПОМЕЩЕНИИ ТОВАРОВ ПОД ТАМОЖЕННЫЙ РЕЖИМ ПЕРЕРАБОТКИ ПОД ТАМОЖЕННЫМ КОНТРОЛЕМ

Ескерту: 13-тараудың қазақша аудармасы болмағандықтан мәтінді орысшадан қараңыз. РҚАО.

14. Тауарларды кеден аумағында ұқсатудың кеден режимімен орналастырылған кезде жүк кеден декларациясын толтыру ережесі

14.1. Декларант жүк кеден декларациясын мына бағандарын: 1, 2, 3, 5, 6, 8, 9, 11, 12, 14, 15 және 15а, 16 бағандарын (тауарларды ұқсатуға әкелген кезде), 17 және 17а (тауарларды ұқсатудан кейін әкеткен кезде), 18, 19, 20, 21, 22, 23, 24, 25, 28, 29, 31, 32, 33, 34-бағаны (тауарларды ұқсатуға әкелген кезде), 35, 37, 38, 40, 41, 42, 44, 45, 46, 47, 48, 54, А В т о л т ы р а д ы .

14.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды: 7, С және Д т о л т ы р а д ы .

Осы Нұсқаулықтың 2 және 3 бөлімдеріне сәйкес 2, 3, 5, 6, 7, 8, 11, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 21, 23, 24, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 41, 45, 46, 47, 48, 54, А, В, С, Д бағандары толтырылады.

14.3. 1, 9, 20, 22, 28, 42, 44 бағандарды толтырудың мынадай е р е к ш е л і к т е р і б а р :

1-баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде:

- тауарлар ұқсатуға әкелген кезде - "ИМ";
- тауарлар ұқсатудан кейін әкеткен кезде - "ЭК" көрсетіледі.

Бағанның екінші бөлімшесінде кеден режимінің екі мәнді коды "51" к ө р с е т і л е д і .

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда ұқсатуға рұқсат (лицензия) алған қазақстандық тұлға туралы мәліметтер осы Нұсқаулықта көзделген тәртіппен көрсетіледі.

20-баған. "Жеткізілім шарттары"

Бағанның бірінші бөлімшесінде осы Нұсқаулықтың 4-қосымшасында келтірілген жеткізілім шарттарының сыныптауышына сәйкес жеткізілім шарттарының екі мәнді цифрлық коды көрсетіледі.

Екінші бөлімшенің сол жақ бөлігінде географиялық пунктті көрсете отырып, жеткізілім шарттарының қысқаша әріптік атауы көрсетіледі.

Бағанның үшінші және төртінші бөлімшелері толтырылмайды.

22-баған. "Жалпы фактуралық құн"

Сол жақ бөлімшеде осы Нұсқаулықтың 6-қосымшасында келтірілген валюта сыныптауышында сәйкес валюта шартының коды көрсетіледі.

Бағанның оң жақ бөлімшесінде ЖКД-нің негізгі және қосымша парақтарының 42-бағанында келтірілген құндар сомасы ретінде алынған тауарлардың құны

к ө р с е т і л е д і .

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып, 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шотын жүргізетін банкінің реквизиттері:

1 - банкінің ОКПО коды ;

2 - банкінің қысқаша атауы ;

3-банкінің мекен-жайы (почта индексі және қала);

4-есеп айырысу теңге шоты (теңгемен есеп айырысқан кезде) немесе ағымдағы валюта шотының (шетел валютасымен есеп айырысқан кезде) нөмірі к ө р с е т і л е д і .

42-баған. "Тауарлардың фактуралық құны"

Бағанда есеп-фактурада немесе өзге коммерциялық, тауарлармен бірге жүретін көлік, банк немесе сараптық құжаттарда келтірілген құн валюта шотында к ө р с е т і л е д і .

Егер фактуралық құн бөлшек өлшемдерде болса, ол дөңгелектену ережесімен бүтін шамаға дейін дөңгелектенеді.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс етілетін құжаттар"

Ұқсату шартының нөмірі және датасы 4 цифрының астында көрсетіледі. Кеден аумағында тауарларды ұқсатуға берілетін рұқсаттың (лицензияның) нөмірі және датасы 5 цифрының астында көрсетіледі. Қалған ақпарат осы Нұсқаулыққа сәйкес толтырылады.

15. Тауарларды транзиттік кеден режимімен орналастырылған кезде жүк кеден декларациясын толтыру ережелері

15.1. Декларант жүк кеден декларациясын мына бағандары: 1, 2, 3, 4, 5, 6, 8, 9, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 18, 19, 21, 22, 23, 25, 26, 28, 29, 31, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 40, 44, 45, 47, 51, 53, 54, А, В, С және Д толтырады.

15.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды 7, С және Д толтырады. Осы Нұсқаулықтың 2 және 3 бөлімдеріне сәйкес 3, 4, 5, 6, 7, 12, 14, 15, 15а, 16, 17, 17а, 19, 23, 25, 26, 29, 32, 33, 34, 35, 37, 38, 45, 47, 54, В, С, Д бағандары толтырылады.

15.3. 1, 2, 8, 9, 18, 21, 22, 28, 31, 40, 44, 51, 53 және А бағандарын толтырудың мынадай ерекшеліктері бар:

1 - баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде тауарлар мен көлік құралдарының бағыттары: Қазақстан Республикасы аумағы арқылы транзитпен өткізілетін тауарлар үшін

- " И М " ;

- шетел мемлекеті аумағы арқылы транзитпен өткізілетін тауарлар үшін - "ЭК"

көрсетіледі. Бағанның екінші бөлімшесінде кеден режимінің екі мәнді коды - "80"
к ө р с е т і л е д і .

Бағанның үшінші бөлімшесі толтырылмайды.

2 - б а ғ а н . " Ж ө н е л т у ш і "

Бағанда көлік құжаттарына сәйкес транзит режимімен орналастырылған тауарлардың жөнелтушісі болып табылатын тұлғаның аты және почталық мекен - ж а й ы
к ө р с е т і л е д і .

8 - б а ғ а н . " А л у ш ы "

Бағанда көлік құжаттарына сәйкес транзит режимімен орналастырылған тауарлардың алушысы болып табылатын тұлғаның аты және почталық мекен - ж а й ы
к ө р с е т і л е д і .

9-баған. "Қаржылық реттеуге жауапты тұлға"

Бағанда тауарларды тасымалдаушы туралы мәліметтер көрсетіледі. Тасымалдаушы деп транзиттік тауарларды тасымалдауға шарт жасасқан жөнелтуші кеден органынан бастап арналым кеден органына дейін осы тауарларды өткізуге жауапты тұлғаны түсінеді. Бағанда жөнелтушінің аты және почталық мекен-жайы, телефон, телекс нөмірі немесе жеке тұлғаның тегі, аты-жөні, почталық мекен-жайы және телефоны көрсетіледі.

18-баған. "Жөнелту кезіндегі көлік құралдары"

Бағанның сол жақ бөлімшесінде жөнелтуші кеден органынан арналым кеден органына дейін транзиттік тауарлар тасымалдауды жүзеге асыратын көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңіз немесе өзен кемесінің атауы, әуе кемесінің рейс нөмірі және борт нөмірі, темір жол вагонының нөмірі, жол көлік құралдарының тіркеу нөмірі және сол сияқты мәліметтер).

Оң жақ бөлімшеде осы Нұсқаулықтың - 3-қосымшасында келтірілген дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес көлік құралдары тиесілі елдің
ц и ф р л ы қ к о д ы к ө р с е т і л е д і .

21-баған. "Шекарадағы көлік құралдары"

Сол жақ бөлімшеде Қазақстан Республикасы аумағынан арналым кеден органынан транзиттік тауарлар әкетілетін көлік құралдары туралы мәліметтер көрсетіледі (теңіз немесе өзен кемесінің атауы, әуе кемесінің рейс нөмірі және борт нөмірі, темір жол вагонының нөмірі, жол көлік құралдарының тіркеу нөмірі және
с о л с и я қ т ы м ә л і м е т т е р) .

Бағанның оң жақ бөлімшесінде көлік құралдары тиесілі елдің цифрлық коды көрсетіледі. "Дүниежүзі елдерінің сыныптауышына сәйкес коды көрсетіледі. Егер тауар Қазақстан Республикасының өзі әкелінген сол көлік құралымен әкетілген ретте "Қ. 18-баған" деген сілтеме жасалады.

22-баған. "Валюта және жалпы фактуралық құн"

Бағанның сол жақ бөлімшесінде валюта сыныптауышына сәйкес шот фактуралық тауарлар құны көрсетілген валютаның цифрлық коды көрсетіледі.

Бағанның оң жақ бөлімшесі толтырылмайды.

28-баған. "Қаржы және банк мәліметтері"

Бағанда/реквизиттердің әрқайсысының жаңа жолдан жаза және олардың әрқайсысының алдына рет нөмірін қоя отырып:

1-теңгемен есеп айырысу шоты, 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шоты ашылған банкінің ОКПО коды және қысқаша атауы;

2-шетел валютасымен шот нөмірі, 9-бағанда көрсетілген тұлғаның есеп айырысу шоты ашылған банкінің ОКПО коды және қосымша атауы көрсетіледі.

31-баған. "Жүк орны және тауарларды сипаттау"

Б а ғ а н д а :

а) контейнерлермен тасымалданатын тауарлар үшін оң жақ жоғарғы бұрышта контейнерлердің нөмірі;

б) тауарлармен бірге алып жүретін құжаттарға сәйкес тауарлардың сипатталуы;

в) орамның, жүк орындарының және олардың сипатталуы көрсетіледі.

40-баған. "Жалпы мәлімдеме/алдыңғы құжат"

Жаңа декларацияны ресімдеген ретте толтырылады (тасымалдаушы ауысқан кезде болмаса тауар топтамасын қайта ресімдеген кезде). Бағанда алдыңғы декларацияның нөмірі көрсетіледі.

44-баған. "Қосымша ақпарат/табыс етілетін құжаттар"

Бағанда (реквизиттердің әрқайсысын жаңа жолдан жаза және оның алдына рет нөмірін қоя отырып):

2-көлік құжатының нөмірі;

4-тасымалдау шартының нөмірі және датасы;

7-шот-фактураның нөмірі және датасы, сондай-ақ арналым кеденіне табыс етуге тиісті тауарлардың басқа да құжаттардың атауы, нөмірі және датасы көрсетіледі.

51-баған. "Транзит елінің кедені"

Егер транзит кеден режимімен орналастырылған тауарлармен кеден органы рұқсат ететін жүк операциялары жүргізілсе ғана баған толтырылады. Бағанның алғашқы екі бөлімшесінде транзиттік тауарлармен рұқсат етілген операциялар соның бақылауымен жүргізілетін кеден органдарының аралық коды көрсетіледі.

53-баған. "Кеден және арналым елі"

Арналым кеден органының атауы және коды көрсетіледі.

А б а ғ а н ы

Транзиттік тауарларды кеден брокері немесе тасымалдаушының өкілі болып табылмайтын жөнелтуші тұлға жарияланған ретте толтырады. Бағанда: 1-

теңгемен есеп айырысу шотының нөмірі, есеп айырысу шоты ашылған банк мекемелерінің атауы және почта индексі көрсетіледі.

16. Салынып жатқан жиынтық объектіге жалпы жүк кеден декларациясын толтыру ережесі

16.1. Жиынтық объектілерді салу үшін тауарлар Қазақстан Республикасының кеден аумағынан әкетілген кезде және кеден аумағына әкелінген кезде декларант жүк кеден декларациясының мына бағандарын: 1, 2, 8, 11, 14, 15 және 15а бағандарын (Қазақстан Республикасының кеден аумағында жиынтық объектіні салған кезде), 17 және 17а бағандарын (Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс жиынтық объектіні салған кезде), 22, 28, 31, 37, 44, 54 толтырады.

16.2. Кеден органының лауазымды адамы мына бағандарды 4, С және Д толтырады. Осы Нұсқаулықтың 2 және 3-бөлімдеріне сәйкес 2, 7, 8, 11, 14 бағандар, 15 және 15а, 17 және 17а, 37, 54, С, Д бағандары т о л т ы р ы л а д ы .

16.3. 1, 22, 31 бағандарды толтыру ережесінің мынадай ерекшеліктері бар:

1-баған. "Декларация үлгісі"

Бағанның бірінші бөлімшесінде тауарларды өткізу бағыттары:

- Жиынтық объектіні салу үшін тауарлар әкетілген кезде - "ЭК";
- Жиынтық объектіні салу үшін тауарлар әкелінген кезде - "ИМ" көрсетіледі.

Бағанның екінші бөлімшесінде кеден режимінің екі мәнді коды - тауарлар әкетілген кезде "10", әкелінген кезде - "40" көрсетіледі.

Бағанның үшінші бөлімшесінде - "КЛ" көрсетіледі.

22-баған. "Валюта және тауарлардың жалпы фактуралық құны"

Сол жақ бөлімшесін осы Нұсқаулықтың 6-қосымшада келтірілген валюта сыныптауышына сәйкес жиынтық объектіні салуға арналған валюта шартының коды көрсетіледі. Бағанның бірінші бөлімшесінде салынып жатқан жиынтық объектінің контракті бағасы көрсетіледі.

31-баған. "Жүк орындары және тауарларды сипаттау"

"Таңбалау және мөлшері-контейнерлердің нөмірі-тауарларды сипаттау"

Салынып жатқан атауы көрсетіледі.

Жүк кеден декларациясын
толтыру тәртібі туралы

Нұсқаулыққа 1-қосымша

Қазақстан Республикасының кеден шекарасы

арқылы тауарлар өткізу процедурасының
сыныптауышы

I . К е д е н р е ж и м і

N p/c	Кеден режимінің атауы	Коды
1.	Экспорт	10
2.	Кері экспорт	11
3.	Уақытша әкелім (әкетім)	31
4.	Еркін айналысқа шығару	40
5.	Кері импорт	41
6.	Кеден аумағында ұқсату	51
7.	Кеден бақылауымен ұқсату	52
8.	Кеден аумағынан тыс ұқсату	61
9.	Еркін кеден аймағы	71
10.	Бажсыз сауда жасайтын дүкен	72
11.	Еркін қойма	73
12.	Кеден қоймасы	74
13.	Мемлекет пайдасына бас тарту	75
14.	Жою	76
15.	Транзит	80
II. Тауарларды өткізу ерекшеліктері		

N p/c	Тауарлар жеткізілім ерекшеліктерінің атауы	Коды
1.	Мемлекеттер, үкіметтер, халықаралық ұйымдар тарапынан тегін көмек көрсету ретінде және (немесе) қайырымдылық мақсаттарға арналған тауарларды өткізу	01
2.	Тауарларды ізгілік көмек ретінде өткізу	02
3.	Тауарларды техникалық көмек ретінде өткізу	03
4.	Сыйлық ретінде берілетін тауарларды өткізу	04
5.	Аварияның және апаттардың, табиғи нәубаттардың зардаптарын жою үшін тауарлар өткізу	05
6.	Мемлекеттік мұқтаждар үшін тауарлар өткізу	06
7.	Халықаралық тасымалдарды жүзеге асыратын көлік құралдарын қалыпты пайдалануға қажетті	07

материалдық-техникалық жабдықтау және
жарақтандыру заттарын, отынды, азық-түлікті және
басқа да мүлікті өткізу

8. Қазақстандық кәсіпорындардың теңіз кәсіпшілігі 08
жүргізетін қазақстандық және қазақстандық
тұлғалар жалға алған (кіре таситын) кемелердің
өндірістік қызметін қамтамасыз етуге
Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тысқары
жерлерге шығаратын материалдық жабдықтау және
жарақтау, азық-түліктер және басқа да мүліктер
9. Қазақстандық және қазақстандық тұлғалардың 09
жалға алған (кірі алған) кемелерінің теңіз
кәсіпшілігі өнімдерін әкелу
10. Қазақстандық және қазақстандық тұлғалар жалға 10
алған (кірі алған) кемелерді бункерлеу үшін
отын және жанармай материалдарын әкету
11. Жиынтық объектілер үшін жабдықтарды, 11
шикізаттарды және материалдарды өткізу
12. Дипломатиялық және соларға теңестірілген шетел 12
мемлекеттері өкілдіктері үшін тауарлар әкелу
13. Шетел инвестициялары бар кәсіпорындардың және 13
шетел кәсіпорындарының жарғылық қорына салым
ретінде тауарлар әкелу
14. Қазақстандық инвестициялар ретінде тауарлар 14
әкету
15. Қазақстан Республикасының валютасын 15
(нумизматикалық мақсаттар үшін пайдаланылатыннан
басқа), бағалы қағаздарын өткізу
16. Шетел валютасын (нумизматикалық мақсаттар үшін 16
пайдаланылатыннан басқа), бағалы қағаздарын
өткізу
17. Кепілдік қызмет көрсету аясында тауарлар өткізу 17
18. Қате жеткізілім 18
19. Өкілеттік мақсаттар үшін тауарлар өткізу 19
20. Көрмелік экспонаттар 20
21. Жарнама материалдар және тарту-таралғылар 21
22. Бір жылға дейінгі мерзімге жалға беру 22
шартына сәйкес өткізілетін тауарлар

23. Бір жылдан астам мерзімге жалға беру шартына сәйкес өткізілетін тауарлар	23
24. Косинигация келісімдері шеңберінде өткізілетін тауарлар	24
25. Ойын-сауық және спорт шаралары үшін тауарларды өткізу	25
26. Шетел инвестициясы бар кәсіпорындардың өзі өндірген тауарларын әкету	26
27. Көпайналымды ыдысты өткізу	27
28. Белгіленген құндық және сандық квоттардан тыс өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды жеке тұлғалардың өткізуі	28
29. Қазақстандық және қазақстандық тұлғалардың жалға алған әуе кемелерін бункерлік үшін отын және жанар май материалдарын әкету	29
30. Тауарларды үлгі ретінде өткізу	30
31. Шет елдегі қазақстандық ұйымдардың қызметін қамтамасыз ету үшін тауарлар әкету	31
32. Тауарларды инвестициялық қызметтен түсетін дивидендтер есебіне өткізу	32
33. Тауарларды кепіл есебінде өткізу	33
34. Өздері Қазақстан Республикасының кеден шекарасынан өткізілгенге дейін зақымдану салдарынан бұйымдар және материалдар ретінде пайдалануға жарамсыз болып қалған тауарларды әкелу	34
37. ТМД-ның өндірістік кооперациясы шеңберінде тауарларды өткізу	35
38. Қазақстан Республикасы аумағында шетел тұлғалары сатып алатын тауарлар	99

Жүк кеден декларациясын
толтыру тәртібі туралы

Нұсқаулыққа 2-қосымша

Кеден статистикасын қалыптастыру мақсатында
пайдаланылатын кәсіпорындардың теңестірілу
нөмірін қалыптастыру

сыныптауышы

Теңестірілу нөмірін Қазақстан Республикасының кеден шекарасы арқылы тауарлар өткізетін кәсіпорын (ұйым) болмаса жеке тұлға мына схема бойынша дербес қалыптастырады.

99-9999/9999999

Э л е м е н т N

1 2 3 , м ұ н д а

1-элемент - кәсіпорын, ұйым, мекеме (құрылтайшы құжаттарға сәйкес) санатының немесе жеке тұлғаның екі мәнді цифрлық коды төменде келтірілген кодалау кестесіне сәйкес қойылады.

N	Кәсіпорын (ұйым)	инвестициялар		
		қазақ. с т а н д ы қ	Аралас (Б К)	Шетелдік
1.	Мемлекеттік кәсіпорын	01	31	
2.	Муниципалдық кәсіпорын	02	32	
3.	Серіктестік	03	33	
4.	Толық серіктестік (және кәсіпорын)	04	34	
5.	Акционерлік қоғам	05	35	
6.	Өндірістік кооператив	06	36	
7.	Басқа кәсіпорындар	07	37	57
8.	Шаруа (фермер) қожалығы	08		
9.	Ұжымшарлар	09		
10.	Кеңшар	10		
11.	Тұтыну кооперативі	11		
12.	Қоғамдық ұйым	12		
13.	Діни ұйым	13		
14.	Қор	14		
15.	Мекеме	15		
16.	Ассоциация (одақ)	16		
17.	Мемлекеттік органдар және мекемелер	17		
18.	Басқа коммерциялық емес ұйымдар	18	38	58
19.	Халықаралық ұйым	39	59	
20.	Дипломатиялық немесе соған теңестірілген өкілдіктер		60	
21.	Атқарушы өкіметтің жанына аккредиттелген шетел фирмасы		61	
22.	Шетел заңды тұлғасы		62	

2-элемент - Қазақстан Республикасы аумағының төрт мәнді коды, 15-қосымшада келтірілген аумақтар сыныптауышына сәйкес келтіріледі (алғашқы екі цифры - Қазақстан Республикасының коды, соңғы екі цифр облыстық коды)

3 - элемент - "Кәсіпорындар мен ұйымдардың жалпы сыныптауышына" (ОКПО) сәйкес кәсіпорынның (ұйымның) сегіз мәнді коды.

Бұл код мемлекеттік тіркеу процедурасына өткен кезде мемлекеттік тіркеудің жергілікті органдары кез-келген кәсіпорынға (ұйымға) береді, тіркеу құжаттарына көрсетілген.

Жеке тұлғалардың тауарларын өткізген ретте ОКПО кодының орнына
- 00000001 - жеке тұлға өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналған тауарларды өткізген жағдайда;

- 00000002 - жеке тұлға белгілеген құндық немесе сандық квотадан тыс өндірістік немесе өзге коммерциялық қызметке арналмаған тауарларды өткізген жағдайда көрсетеді.

Жүк кеден декларациясын
толтыру тәртібі туралы

Нұсқаулыққа 3-қосымша

Дүниежүзі елдерінің
сыныптауышы

Елдің қысқаша атауы	Елдің толық атауы	әріп коды	цифрлы коды
		аль .	аль .
		фа - 2	фа - 3
Австралия	Австралия	AU	AUS 036
Австрия	Австрия Республикасы	AT	AUT 040
Әзербайжан	Әзербайжан Республикасы	AZ	AZE 031
Албания	Албания Республикасы	AL	ALB 008
Алжир	Алжир Халық Демократиялық	DZ	LZA 012
Англия	Англия (Брит)	AI	AIA 660
Ангола	Ангола Халық Республикасы	AO	AGO 024
Андорра	Андорра княздігі	FD	FND 020
Антрактика	Антрактика	AQ	ATA 010
Антигуа Барб	Антигуа және Барбуда	AG	ATG 028

Антиль аралдары	Нидерландтық Антиль аралдары	AN	ANT	530
Аомынь (Макао)	Аомынь	MO	MAC	446
Аргентина	Аргентина Республикасы	AR	ARC	032
Армения	Армения Республикасы	AM	ARM	051
Аруба	Аруба аралы	AW	ABW	533
Ауғанстан	Ауғанстан ислам мемлекеті	AF	AFG	004
Бағам аралдары	Бағам аралдарының достастығы	BS	DHS	044
Бангладеш	Бангладеш Халық Республикасы	BD	BGD	050
Барбадос	Барбадос	BB	BRB	052
Бахрейн	Бахрейн мемлекеті	BH	BHR	048
Беларусь	Беларусь Республикасы	BY	BLR	112
Белиз	Белиз	BZ	BLS	084
Бельгия	Бельгия корольдігі	BE	BEL	056
Бенин	Бенин Халық Республикасы	BJ	BEN	204
Бермуд аралдары	Бермуд аралдары	BM	DMU	060
Болгария	Болгария Республикасы	BG	BGR	100
Боливия	Боливия Республикасы	BO	BOL	068
Босния және Герцоговина	Босния және Герцоговина	BA	BIH	070
Ботована	Ботована Республикасы	BW	BWA	072
Бразилия	Бразилия Федеративтік Республикасы	BR	BRA	075
Үнді мұхитындағы Үнді мұхитындағы Британ				
Брит аумағы	аумағы (Брит)	IO	IOT	086
Бруней	Бруней-Даруссалам	BN	BRN	096
Бруве	Бруве аралы	BY	BYT	074
Буркина-Фасо	Буркина-Фасо	BF	BFA	854
Бурунди	Бурунди Республикасы	BI	BDI	108
Бутан	Бутан корольдігі	BT	BTN	064
Вануату	Вануату Республикасы	YU	YUT	548
Ватикан	Ватикан Мемлекет-қала	YA	YAT	336
Ұлыбритания	Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия біріккен корольдігі	GBR	GBR	826
Венгрия	Венгрия Республикасы	HU	HUN	248
Венесуэла	Венесуэла Республикасы	YE	YEN	862
Виргин аралы (АҚШ)	Виргин	YI	YIR	850
Виргин аралдары (Бр)	Британ Виргин аралдары	YG	YGB	092

Шығыс Самоа	Американ Самоасы	AS	ASM	016
(АҚШ)				
Шығыс Тимор	Шығыс Тимор	TP	TMP	626
Вьетнам	Вьетнам Халық Республикасы	YN	YNM	704
Габон	Габон Республикасы	GA	GAB	266
Газа Секторы	Газа Секторы (Палестина)			274
Гаити	Гаити Республикасы	HT	HTI	332
Гайана	Гайана кооперативтік Республикасы	GY	GUY	328
Гамбия	Гамбия Республикасы	GM	GMB	270
Гана	Гана Республикасы	GH	GHA	288
Гваделупа	Гваделупа (ФР.)	GP	GLP	312
Гватемала	Гватемала Республикасы	GT	GTM	320
Гвиана	Гвиана (ФР.)	GF	GUF	254
Гвинея	Гвинея Республикасы	GN	GIN	324
Гвинея-Бисау	Гвинея-Бисау Республикасы	GW	GNE	624
Германия	Германия Федеративтік Республикасы	DE	DEU	280
Гибралтар	Гибралтар (Брит.)	GI	GIB	292
Гондурас	Гондурас Республикасы	HN	HND	340
Гренада	Гренада	GD	GRD	308
Гренландия	Гренландия Дания құрамында	GL	GRL	304
Греция	Грек Республикасы	GR	GRC	300
Грузия	Грузия Республикасы	GE	GEO	268
Гуам	Гуам (АҚШ)	GU	GUM	316
Дания	Дания корольдігі	DK	DNK	208
Джибути	Джибути Республикасы	DJ	DJI	262
Джонстон Аттол	Джонстон Аттол	JT	JTN	396
Доминика	Доминика Достастығы	DM	DMA	212
Доминика Респ.	Доминикан Республикасы	DO	DOM	214
Египет	Египет Араб Республикасы	EG	EGY	818
Заир	Заир Республикасы	ZR	ZAR	108
Замбия	Замбия Республикасы	ZM	ZMB	894
Батыс Сахара	Батыс Сахара	EH	ESH	732
Батыс Самоа	Батыс Самоа	WS	WSM	882
Зимбабве	Зимбабве Республикасы	ZW	ZWE	716
Израиль	Израиль мемлекеті	IL	ISR	376
Индия	Индия Республикасы	IN	IND	356
Индонезия	Индонезия Республикасы	ID	IDN	360

Иордания	Иордания Хашимит королдігі	JO	JOR	400
Ирак	Ирак Республикасы	IQ	IRG	368
Иран	Иран Ислам Республикасы	IR	IRN	364
Ирландия	Ирландия	IE	IRL	372
Исландия	Исландия Республикасы	IS	ISL	352
Испания	Испания королдігі	ES	ESP	724
Италия	Италия Республикасы	IT	ITA	380
Иемен	Иемен Республикасы	YE	YEM	887
Кабо-Верде	Кабо-Верде Республикасы	CY	CPY	132
Қазақстан	Қазақстан Республикасы	KZ	KAZ	398
Кайман	Кайман аралы	RY	CYM	136
Камбоджа	Камбоджа мемлекеті	KN	KHM	116
Камерун	Камерун Республикасы	CM	CMR	120
Канада	Канада	CA	CAN	124
Катар	Катар мемлекеті	QA	GAT	634
Кения	Кения Республикасы	KE	KEN	404
Кипр	Кипр Республикасы	CY	CYP	196
Кирибати	Кирибати Республикасы	KI	KIR	296
Қытай	Қытай Халық Республикасы (ҚХР)	CN	CHN	156
